



Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстанға мемлекеттік сапармен
келген Сердар Бердімұхамедовке
ықылас танытып, ризашылық
білдірді.

**Жоғары деңгейдегі
келіссөздерге дейін Ақордада
Түрікменстан Президентін салта-
натты қарсы алу рәсімі өтті. Мем-
лекеттер басшылары бір-біріне
ресми делегация мүшелерін та-
ныстырды. Құрмет қарауылының
бастығы рапорт берді. Екі елдің
әнұрандары шырқалған соң пре-
зиденттер келіссөз өтетін залға
барды.**

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз
Түрікменстанды стратегиялық серіктес
және бауырлас мемлекет санайтынын
жеткізді.

— Бізді ғасырлардан жалғасып келе
жатқан достық, ортақ тарих, тіл мен
мәдениет біріктіреді. Мемлекеттеріміз
арасындағы сауда-саттық, эконо-
микалық ықпалдастықтың басқа да
түрлері және мәдени-гуманитарлық
байланыстар қарқынды дамып келеді.
Екі ел серіктестігінің ауқымы мен сапа-
сына көңіліміз толады деп айтуға негіз
бар. Бұл ынтымақтастық стратегиялық
сипатқа ие. Дегенмен алға қадам басу
қажет. Күн тәртібінде өте маңызды
мәселелер тұр. Бүгін олардың шешімін
бірлесіп табамыз деп ойлаймын, — деді
Қазақстан Президенті.

Сердар Бердімұхамедов Қазақстан
Республикасына мемлекеттік сапармен
келуге шақырғаны және қонақжайлық
танытқаны үшін Қасым-Жомарт
Тоқаевқа алғыс айтты.

— Сізге түрікмен халқының Ұлт
көшбасшысы, құрметті Гурбангулы
Мяликгулыевич Бердімұхамедовтің
сәлемі мен ізгі тілегін жеткізуге рұқсат
етіңіз. Бүгінде Түрікменстан мен
Қазақстанның қарым-қатынасы достық,
бауырластық және тату көршілік
қағидаттары негізінде дамып келеді.
Өзара ықпалдастығымыз саяси-
дипломатиялық, сауда-экономикалық
және мәдени-гуманитарлық сала-
ларды қамтиды, — деді Түрікменстан
Президенті.


Бұдан кейін келіссөздер екі ел
делегацияларының қатысуымен
кеңейтілген құрамда жалғасты.

Әңгімелесу барысында мем-
лекеттер басшылары екіжақты
ынтымақтастықтың басым бағыттарын
талқылады. Атап айтқанда, сауда-
экономикалық, мәдени-гуманитарлық
және көлік-логистикалық ықпалдастық
мәселелері қарастырылды. Энерге-
тика, өнеркәсіп кооперациясы, ауыл
шаруашылығы, IT, білім беру және ме-
дицина салаларындағы бірлескен жо-
баларды іске асыруға баса назар ауда-
рылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шақыруын
қабыл алып, Астанаға мемлекеттік
сапармен келгені үшін Сердар
Бердімұхамедовке алғыс айтты.

— Қазақ пен түрікмен — ежелден
достығы жарасқан туыс халықтар.
Біздің тарихымыз және мақсат-
мұратымыз — ортақ, мәдени-
рухани құндылықтарымыз — бір. Біз
Түрікменстанмен ынтымақтастықты
тату көршілік және өзара қолдау ру-
хында барынша нығайтуға айрықша

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРІКМЕНСТАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІ КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



мән береміз. Жарқын болашаққа бірге
қадам басу үшін күш жұмылдырамыз.
Бауырлас халықтарымыздың игілігі
үшін стратегиялық серіктестікті нығайта
түсеміз. Мен бұған кәміл сенемін, — деді
Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті екі ел арасын-
да барлық деңгейде белсенді әрі та-
бысты байланыс орнағанын атап өтті.
Үкіметтеріміз жүйелі жұмыс жүргізіп,
ведомствоаралық байланыс нығайып
келеді. Елдеріміз көпжақты құрылымдар
аясында нәтижелі қарым-қатынас жа-
сайды.

Мемлекет басшысының айтуын-
ша, Астана мен Ашхабадтың өңірлік,
халықаралық күн тәртібіндегі көптеген
мәселе бойынша көзқарастары мен
ұстанымдары ұқсас.

Қасым-Жомарт Тоқаев келіссөздер
барысында сауда-экономикалық ықпал-
дастыққа айрықша назар аударды.
Соңғы 5 жылда өзара сауда көлемі 4
еседен асып, жарты миллиард долларға
дейін ұлғайды.

Қазақстанда түрікмен капиталы
бар 140-қа жуық компания табысты
жұмыс істейді. Осы арқылы аталған
кәсіпорындар экономикалық байланы-
сты нығайтуға зор үлес қосып келеді.
Қазақстанның Түрікменстанға құйған
инвестициясы 120 миллион доллардан
асты.

Мемлекет басшысы мәдени-
гуманитарлық байланыстың даму
қарқынына тоқталды. Президент
екі елдің мәдениет күндерін алма-
кезек өткізу, көрнекті қайраткерлердің
ескерткіштерін ашу шаралары қос
халықтың мәдени-рухани мұрасына
айтарлықтай үлес қосады деп санайды.

Сердар Бердімұхамедов Қазақстан
мен Түрікменстанды Орталық Азиядағы
стратегиялық серіктес мемлекеттер деп
атады.

— Мемлекеттерімізді ұрпақтан
ұрпаққа аманат болып, көзіміздің
қарашығындай сақтап келе жатқан ортақ
тарихи тамырластық, мәдени-рухани
ұқсастық, салт-дәстүріміздің жақындығы
секілді құндылықтар біріктіреді. Саяси-
дипломатиялық салада Түрікменстан

министрлігі мен Түрікменстанның
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі арасында зейнет-
ақымен қамтамасыз ету саласы бой-
ынша ақпараттық ықпалдастық туралы
келісім;

4. Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі мен Түрікменстанның
Әділет министрлігі арасында құқық-
тық саладағы өзара түсіністік және
ынтымақтастық туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі мен
Түрікменстанның Ауыл шаруашылығы
министрлігі арасында ветеринария
саласы бойынша ынтымақтастық
жөніндегі өзара түсіністік туралы мемо-
рандум;

6. Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі Ұлт-
тық аграрлық ғылыми білім беру
орталығы мен Түрікменстанның Ауыл
шаруашылығы министрлігі Астық
дақылдары ғылыми-зерттеу институты
арасындағы өзара түсіністік туралы ме-
морандум;

7. Қазақстан Республикасы мен
Түрікменстан арасында көлік сала-



мен Қазақстан жаһандық күн
тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша
сындарлы ықпалдастық орнатқан. Атап
айтқанда, бейбітшілік пен қауіпсіздікті
сақтау, энергетикалық тұрақтылықты
нығайту, көлік байланысын ілгерілету,
орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу
және климат өзгерісіне қарсы күрес
мәселелері бойынша ұстанымдарымыз
ортақ, — деді Түрікменстан Президенті.

Кездесу соңында Мемлекет басшы-
сы Түрікменстан Президентінің елімізге
сапары екіжақты ынтымақтастықтың
жаңа кезеңіне жол ашып, достық пен
стратегиялық серіктестікті нығайтуға
тың серпін беретініне тоқталды.

Келіссөздер қорытындысы бойын-
ша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар
Бердімұхамедов Бірлескен мәлімдемеге
қол қойды.

Мемлекеттер басшыларының қа-
тысуымен ресми делегация мүше-
лері мынадай үкіметаралық және
ведомствоаралық құжаттарды алмасты:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі
мен Түрікменстан Үкіметі арасында
мәдени-гуманитарлық сала бойынша
ынтымақтастық туралы келісім;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі
мен Түрікменстан Үкіметі арасында
көші-қон саласындағы ынтымақтастық
туралы келісім;

3. Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау

сындағы ынтымақтастықты одан әрі
кеңейту жөніндегі 2026-2027 жылдарға
арналған бірлескен іс-қимыл жоспары;

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі мен Түрік-
менстанның Денсаулық сақтау және
медициналық өнеркәсіп министр-
лігі арасындағы ынтымақтастықты
дамытудың 2026-2027 жылдарға
арналған негізгі іс-шаралар жоспары;

9. Қазақстан Республикасы Маң-
ғыстау облысы әкімдігі мен Түрік-
менстанның Балқан уәлаяты әкімшілігі
арасында сауда-экономикалық,
ғылыми-техникалық және мәдени-
гуманитарлық ынтымақтастықты дамы-
ту саласындағы өзара түсіністік туралы
меморандум;

10. Қазақстан Республикасы Прези-
денті жанындағы Ұлттық ғылым акаде-
миясы мен Түрікменстанның Ғылым
академиясы арасында ғылым саласы
бойынша ынтымақтастық туралы мемо-
рандум;

11. Қазақстан Республикасы Прези-
денті Іс басқармасының «Қазақстан Ре-
спубликасы Президентінің телерадио-
кешені» ШЖҚ РМК мен Түрікменстанның
Телевизия, радио хабар тарату және
кинематография жөніндегі мемлекеттік
комитеті арасында ақпараттық сала
бойынша ынтымақтастық туралы
келісім.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН СЕРДАР БЕРДІМҰХАМЕДОВ БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Сердар Бердімұхамедовтің қазақ жеріне мемлекеттік сапарының мәні айрықша деп санайтынын, Түрікменстан – Қазақстан үшін маңызды әрі сенімді серіктес, бауырлас ел екенін атап өтті.

– Қос халықты шынайы достық, ортақ тарих пен рухани-мәдени құндылықтар біріктіреді. Осындай мызғымас тұғыры бар қарым-қатынасымыз стратегиялық әріптестік рухында қарқынды дамып жатыр. Екі ел арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог қалыптасты. Сауда-экономика саласындағы байланыс жылдан жылға күшейіп келеді. Мәдени-гуманитарлық бағыттағы ықпалдастық нығая түсті. Біз аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге белсене атсалысып келеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедов пен бауырлас түрікмен халқын Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығымен құттықтады.

– Бейтарап саясат жүргізу Түрікменстанның халықаралық аренадағы беделін биіктетіп, бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздік қағидаттарына бейіл екенін көрсетті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент келіссөздер барысында екіжақты күн тәртібінің кең көлемді мәселелері талқыланып, ықпалдастықтың басым бағыттары белгіленгенін жеткізді. Әуелгі кезекте сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге назар аударылды.

– Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында елдеріміз арасындағы тауар айналымы жыл сайын жарты миллиард доллардан асады. Биылғы көрсеткіштерге де көңіл толады. Құрметті Түрікменстан Президентімен бірге өзара сауда көлемін бір миллиард долларға дейін ұлғайту үшін қажетті шараларды қолға аламыз. Осы мақсатта Қазақстан тауар айналымын ұлғайту жөніндегі жұмыс жоспарын қабылдауды ұсынды. Екі елдің бизнес өкілдерін қолдау үшін Сауда үйлерін ашу туралы шешім қабылдадық. Сондай-ақ қос мемлекеттің қалалары арасында тікелей коммерциялық әуе рейстерін ашу мәселесін қарастыруға келістік, – деді Президент.

Қазіргі уақытта көлік-транзит саласы стратегиялық басымдыққа ие. Бұл орайда Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізінің



маңызды буыны ретінде Қазақстан – Түрікменстан – Иран теміржол бағдары ерекше рөл атқарады.

– Биыл он айда тасымал көлемі бір жарым миллион тоннаны құрап, 14 пайыз ұлғайды. Тарифтерді оңтайландыру, әкімшілік үдерістерді жеңілдету шаралары қабылдануда. Шекара маңының инфрақұрылымы белсенді түрде дамып, өткізу бекеттері жаңғыртылып жатыр. Түрікменбашы – Гарабогаз – Қазақстан шекарасы бағыты бойынша жол инфрақұрылымдарын ұштастыру мәселесі біртіндеп шешілуде. Контейнерлік тасымалды жандандыру үшін Каспийдегі Ақтау, Құрық, Түрікменбашы порттарының көлік-логистикалық әлеуетін толық пайдалануға уағдаластық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, келіссөздер барысында Ауғанстан арқылы өтетін Оңтүстік Азия бағытындағы теміржол желісін тарту перспективасы қарастырылған.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы ықпалдастықтың маңызды саласы саналатынына тоқталды.

– Қазақстан бидайын түрікмен нарығына жеткізу көлемін арттыруды егжей-тегжейлі талқыладық. Сонымен қатар өсімдік майы, макарон және ет-сүт өнімдерінің экспортын ұлғайтуға мүмкіндігіміз бар. Түрікменстан-Ауғанстан шекарасында астық терминалын салу перспективасын пысықтадық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, энергетика саласындағы бірлескен жобаларға баса мән берілген. Қазақстан

түрікмен газын Қытайға тасымалдауда ұзақ жылдар бойы сенімді серіктес болып келеді. Бүгінгі келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар газды қайта өңдеу, көгілдір отын жеткізетін инфрақұрылымды дамыту жобалары аясындағы ықпалдастықты жалғастыруға уағдаласқан. Оған былтыр қол қойылған Газ саласын дамыту бойынша стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісім негіз бола алады.

Еліміз мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыру және IT технологияларды енгізу ісіндегі тәжірибесін ескере отырып, түрікмен тарапын аталған салада бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Бұдан кейін екіжақты қарым-қатынасты өрістетуде мәдени-гуманитарлық байланыстар ерекше орын алатыны айтылды.

– Қазақ халқы Астанада өткен Түрікменстанның Мәдениет күндері мен түрікмен халқының ұлы ойшылы Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдығына орай ескерткішінің ашылуын жылы қабылдады. Ашхабадта Абайға ескерткіш қойылуы халықтарымыздың достығы мен бір-біріне құрметінің тағы бір символы болды. Фестивальдер, гастрольдер және басқа да бірлескен іс-шаралар өткізу арқылы мәдениет саласында жан-жақты ықпалдастық орнату қажет екеніне тоқталдық. Ғылым-білім беру және жастар арасындағы байланысты дамыту перспективасы жан-жақты талқыланды. Түрікменстанда қазақстандық жоғары оқу орындарының бірінің филиалын ашу мүмкіндігін қарастыруды ұсындық, – деді

Мемлекет басшысы.

Келіссөздер барысында президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша ұқсас ұстанымда екенін растаған.

– Өңірлік, сондай-ақ жаһандық ауқымда тұрақтылық, қауіпсіздік және орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін түрікмен тарапымен тығыз ықпалдастық орнатуға әзірміз. Консультативтік кездесулер өткізу, сондай-ақ Каспий теңізінің проблемасы жөнінде ықпалдастық орнату өте өзекті. Қазақстан Ашхабадтың бастамасы бойынша жарияланған Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы аясында Түрікменстан өткізген іс-шараларды жоғары бағалайды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында Президент Сердар Бердімұхамедовтің сапары Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестікті нығайтуға зор үлес қосатынына сенімді екенін жеткізді. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл сапар екі ел қарым-қатынасының тарихи кезеңіне бастау болады.

Сердар Бердімұхамедов мемлекеттер арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі кеңейтуге қатысты Түрікменстанның ұстанымымен бөлісті.

– Екіжақты күн тәртібін талқылау барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән берілді. Өзара сауда-саттық аясын кеңейту және ертараптандыру, сондай-ақ өнеркәсіп кооперациясы саласында бірлескен ауқымды жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялық саясатты жандандыру мәселелері қарастырылды. Бұл ретте екі мемлекеттің бизнес қоғамдастықтары арасындағы іскерлік байланыстарды нығайтудың маңызы зор. Энергетика – екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі. Түрікменстан бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыруға дайын. Сонымен қатар еліміздің электр энергиясы мен химия өнеркәсібіндегі серіктестікті нығайтуға айтарлықтай мүмкіндігі бар. Көлік және логистика өзара ықпалдастығымыздың стратегиялық сипатқа ие бағыты саналады. Қазіргідей күрделі геосаяси және геоэкономикалық ахуал кезінде Шығыс – Батыс және Солтүстік – Оңтүстік бағдарындағы көлік-транзит дәліздерінің жұмысын жандандыру аса өзекті, – деді Түрікменстан Президенті.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Талдықорғанға Fab-Lab инновациялық зертханасы ашылды

Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде еліміздегі заманауи Fab-Lab инновациялық зертханасы ашылды - деп хабарлайды Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі. Инновациялық зертхана студенттердің инженерлік және цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Fab-Lab (Fabrication Laboratory) — әлемнің жетекші оқу орындары қолданатын цифрлық өндіріс зертханалары желісінің халықаралық форматы. Зертхана үш негізгі бағытта жұмыс істейді:

- Робототехника зертханасы – NAO гуманоид роботтары мен WorldSkills стандарттарына сай платформалар арқылы құрастыру және бағдарламалау дағдыларын дамытуға арналған.

* 3D модельдеу және 3D басып шығару зертханасы – Fusion 360, SolidWorks, Blender бағдарламаларында прототиптер мен цифрлық модельдер жасауға мүмкіндік

береді.

- Жасанды интеллект зертханасы – Python, машиналық оқыту, компьютерлік көру және нейрондық желілер бойынша практикалық білім алуға бағытталған.

«Жұмысшы мамандықтар жылында осындай заманауи зертханалардың ашылуы – еліміздің болашақ инженерлері мен техниктерін дайындаудағы үлкен стратегиялық қадам. Fab-Lab жастардың тек оқып қана қоймай, нақты өнім жасап, инновациялық жобалар әзірлеуіне мүмкіндік береді. Бұл — еңбек нарығына қажетті жаңа буын маман-



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА
ТАЛДЫҚОРҒАНДА FAB-LAB ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ

дарын қалыптастырудағы маңызды бастама», – дейді Техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің басшысы Әсет Мұхамбетов.

Жаңа орталық студенттерге теорияны тәжірибемен ұштастырып, өз

идеяларын іске асыруға, өнеркәсіп пен IT саласына қажетті жобалар әзірлеуге жол ашады.

ҚР Оқу ағарту министрлігінің
ресми интернет ресурсы.

Шалғай ауылдарда өрттің алдын алу шаралары күшейтілуде

Жетісу облысында өрт қауіпсіздігі айлығы жалғасып жатыр. Айлық аясында Төтенше жағдай департаменті қызметкерлері шалғай елді мекендерге шығып, өрттің алдын алу және иіс тиіп улану қаупін төмендету мақсатында рейдтер жүргізуде. Тексеру барысында мамандар тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіріп, пештің жылыту жүйесін тексерді, әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтардың үйлеріне улы газды анықтайтын датчиктер орнатты. Атап айтқанда облыс бойынша әлеуметтік әлжуаз топтағы отбасылардың үйіне биыл 2085 датчик қойылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Кезекті профилактикалық рейд барысында өңірдің ТЖД қызметкерлері Кербұлақ ауданына қарасты Аралтөбе ауылына барып, әлеуметтік осал отбасылар тұратын жеке тұрғын үйлерді аралады. Атап айтқанда, аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, ерекше қажеттілігі бар адамдар, жалғызбасты аналар мен зейнеткерлердің үйлеріне ерекше назар аударылды. Рейд барысында электр сымдары мен розеткалар тексеріліп, пештер мен мұржалар тазартылды, сондай-ақ тұрғындарға пеш жабдықтарын пайдалану ережелері түсіндірілді. Көп үйлер пешпен жылытылатын ауылдық жерде мұндай профилактикалық жұмыстардың маңызы ерекше.

Облыстық ТЖД мемлекеттік өрт



бақылау басқармасының аға инженері Еламан Әубәкіров пешпен жылытылатын үйлерде мұржаның тазартылуынан, пештің дұрыс орнатылмауынан, электр желілерінің шамадан тыс жүктелуінен қауіп көп екенін айтты.

– Өрт оқиғаларының басым бөлігі жылу және электр жүйелерінің дұрыс

жұмыс істемеуінен туындайды. Осыған байланысты бақылауды күшейтіп, тұрғын үйлерге улы газды анықтайтын дабыл құрылғыларын орнатудамыз. Бүгін 70-тен астам үйге барып, профилактикалық жұмыс жүргіздік. Тұрғындардан жылыту құралдарының жарамдылығын тексеруді, мұржаларды уақтылы тазартуды,

электр желісін шамадан тыс жүктемеуді және пештерді қараусыз қалдырмауды сұраймыз, – дейді Еламан Әубәкіров.

Алдын алу шараларының атқарылғанына ауыл тұрғындары риза.

– Ауылымызда 300-дей тұрғын бар. Ауылға әлі газ келмегендіктен, бәрі көмір, ағаш тасып пеш жағады. Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері жылда жылыту маусымы кезінде тексеріс жүргізеді. Бұрын мұржаны қолмен тазалайтынбыз. Қазір мамандар біз сияқты көп балалы отбасылардың үйлеріндегі пешті тексеріп, мұржамызды тазалап береді. Өрт қауіпсіздігі әр тұрғын үшін маңызды – дейді ауыл тұрғыны Алдаберген Сұранбеков.

Ауылдың тағы бір тұрғыны Жанар Ысқақ та осындай пікірде:

– Жалғызбасты ана болғандықтан бір өзім мұржа тазалай алмаймын. Сондықтан мамандарға арнайы барып, өтініш білдірдім. Электр желілерінің техникалық жағдайын қарап ақауларды анықтап, арнайы құрылғы орнатып берген қызметкерлерге алғыс білдіремін, – деді ол.

Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, қабылданып жатқан алдын алу шараларының арқасында жылыту маусымы басталғалы бері өңірдегі өрт саны 20%-ға қысқарған. Биыл бүкіл облыс бойынша әлеуметтік жағынан осал азаматтардың үйлеріне улы газды анықтайтын 2085 дана датчик орнатылды. Бұдан бөлек, өңірдің тұрғын үй секторында 1510 жиын, 1122 нұсқаулық және 24 брифинг өткізіліп, оларда жалпы саны 32 400-ден астам адам қамтылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Қорғас торабы» трансшекаралық хабын дамыту аясында бүгінге дейін екі мың жұмыс орнын құрған 40 жоба іске асырылды

Жетісу облысында «Қорғас торабы» трансшекаралық хабын дамыту мақсатында инвестициялар тарту, жүк ағыны мен транзитті ұлғайту, өткізу пункттерін жаңғырту жөнінде шаралар қабылдануда. Мәселен, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЗА мен «Қорғас» ШЫХО-да екі мыңнан астам жұмыс орнын құрған 76 млрд. теңгелік 40 жоба іске асырылған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, олардың қатарында қуаты тәулігіне 1400 вагонды өңдеуге мүмкіндік беретін «KTZE-Khorgos Gateway» құрғақ порты, «SSA FEED Mills» ЖШС-ның құрама жем өндіру зауыты, «Майами Солар» ЖШС-ның күн батареяларын өндіретін зауыты т.б. ірі жобалар бар. Жалпы 2027 жылдың соңына дейін 9 мыңнан астам жұмыс орны құрылатын, 1,1 трлн. теңгеге тағы 65 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Бүгінгі күні «KTZE – Khorgos Gateway» құрғақ портының кеңейту жұмыстары аясында 2 темір жол жаңғыртылды, қосымша 8 жол салынып, қазіргі кезде 16 жол қызмет көрсетуде. Бұл терминалдың өткізу қабілетін жылына 540 мыңнан 800 мың контейнерге дейін, яғни бір жарым есе арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ «SKYHANSA» компаниясының халықаралық жүк-жолаушы әуежайын салудың инженерлік инфрақұрылымның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Жобаға тартылатын инвестиция көлемі 250 млрд. теңге, 700 жұмыс орны ашылады.

Сонымен қатар «Қорғас» орталығында жаңғырту жасалып, екінші багаж терминалы іске қосылды, Face ID және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция енгізілді, жүк тасымалдау бойынша «Қазпошта» АҚ жұмысы басталды. Осының нәтижесінде орталыққа келушілер саны тәулігіне 2,5 мыңнан 5 мың адамға дейін өсті.


Ал «Нұр жолы» пунктінде өткізу қабілетін арттыру, көлік легін оңтайландыру және процестерді цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тәулік бойы жұмыс режимі мен электронды кезек жүйесі енгізіліп, соның нәтижесінде өткізу қабілеті екі есеге артып, тәулігіне 800-ден 1600 автокөлікке дейін өсті. Биыл «Нұр жолы» өткізу пунктінде ірі өлшемді және жеңіл көліктерге арналған ұзындығы 2,4 шақырым айналма жолдың құрылысы аяқталды. Жоба аясында көлік легін «Қорғас» орталығына бағыттау жоспарланып отыр, бұл өткізу пунктіндегі жүктемені 40-45% төмендетуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, бельгиялық «Saron Kazakhstan» (SARENS) компаниясы екінші айналма жолдың, сондай-ақ ірі тоннажды көліктерге арналған уақытша қойма мен жинақтаушы алаңның құрылысын бастады. Жобаның құны – 8 млрд. теңге, құрылыс жұмыстары 2026 жылдың соңы аяқталады деп жоспарланған.

Сондай-ақ тауарлар экспортын арттыру мақсатында Алтынкөл–Жетіген екінші жолдарының құрылысы жүргізілуде, жалпы ұзындығы 294 шақырым, Жетісу облысынан 64 шақырымы өтеді, аяқталу мерзімі - 2026 жыл. Сонымен қатар, Ынталы-Алтынкөл аралығындағы учаскеден «KTZE-Khorgos Gateway» компаниясының тиеу-түсіру терминалына апаратын темір жол құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Осы жобаларды іске асыру Алтынкөл станциясының өткізу қабілетін тәулігіне 18-ден 30 пойызға дейін, ал жүк тасымалы 1,7 есеге артады. Бұл жобалар Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк тасымалын ұлғайтып, әлеуметтік-экономикалық дамуға серпін бермек.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Облыста тұмау және ЖРВИ бойынша жағдай бақылауда

Жетісу облысында биылғы эпидемиологиялық маусым тұрақты бақылауда. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, эпидмаусым басталғалы өңір бойынша жедел респираторлық вирустық инфекцияның (ЖРВИ) 45 674 жағдайы тіркелді, оның 30 912-сі – 14 жасқа дейінгі балалар. Медициналық ұйымдарда вирустың өсуін ескере отырып, МСАК деңгейінде 29 мобильді бригада, 25 сүзгі кабинеті және азаматтарға кеңес беретін 48 телефон желісі жұмыс істеп тұр. Шұғыл көмек көрсету үшін 69 жедел медициналық жәрдем бригадасы жұмылдырылған. Облыста 82 000 адам вакцинацияланып, тұмауға қарсы егілді. Стационарлық көмек 421 инфекциялық төсекке есептелген, қажет болған жағдайда қосымша 196 төсек дайындалды. Реанимацияда ауыр жағдайдағы пациенттер жоқ.

Облыста халық арасында профилактика шараларын күшейту мақсатында ақпараттық-ағарту жұмыстары белсенді жүргізілді. 15 813 ақпараттық парақша таратылып, 1,5 мыңнан астам адамды қамтыған оқу семинарлары мен конференциялар ұйымдастырылды. Іс-шаралар барысында мамандар тұмаудың алдын алу тәсілдерін, вакцинацияның маңызын және ауру белгілері байқалған жағдайда әрекет ету алгоритмін түсіндірді. Сонымен қатар медициналық ұйымдардың ресми әлеуметтік желі парақтарында ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу жөніндегі материалдар жарияланып, тұрғындарға бағытталған кең көлемді түсіндіру жұмыстары жалғасуда.

Республика бойынша әдеттегі тұмау вирустары айналымда жүр, жаңа немесе қауіпті штаммдар анықталған жоқ. Соның ішінде елде А тұмауы вирусының «Гонконг тұмауы» деп аталатын H3N2 штаммы тіркелді. Бұл вирус жаңа емес, 1968 жылдан бері әлемде тұрақты таралып келеді. H3N2 штаммы жоғары температура, бас ауруы, әлсіздік және жөтел сияқты тұмауға тән белгілермен сипатталады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, қазіргі маусымда жиі кездесетін үш штамм – А (H1N1), А (H3N2) және В түрлері. Аталған штамдар қолданыстағы «Гриппол+» вакцинасында бар, сондықтан вакцинация ауыр ағымнан тиімді қорғаныс береді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметі бойынша дайындалды.

●Жолдау - өрлеу өзегі●

ТУРИСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ – НЕГІЗГІ МІНДЕТ

Қазақстан туризм саласын дамытуды стратегиялық бағыт ретінде айқындап келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауларын-да бұл саланың экономиканы әртараптандырудағы және өңірлердің әлеуметтік әл-ауқатын арттырудағы маңызын бірнеше рет атап өтті. Соңғы Жолдауда туризмді кешенді түрде дамыту, инфрақұрылымды жаңарту, кәсіби кадрлар даярлау және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті туристік өнім қалыптастыру міндеттері баса айтылды.

Президент елдегі туристік әлеуетті тиімді пайдалану үшін ең алдымен инфрақұрылым мәселесін шешу қажеттігін атап өтті. Жол көлігі, ақпараттық белгілер, санитарлық жағдай, қауіпсіздік жүйесі – туризмнің сапасын айқындайтын басты факторлар. Мемлекет басшысы өңірлерде тау туризмін, ұлттық парктерді, жағажайлық және мәдени бағыттарды заманауи талаптарға сай дамытуға тапсырма берді.



Президент саланы дамыту үшін тек инфрақұрылым мен кадрлар емес, басқару жүйесінің де жетілдірілуі қажет екенін атап өтті. Әр өңірдің туристік ерекшелігіне қарай жеке стратегиялар әзірлеу, мемлекеттік қолдау тетіктерін жеңілдету, бизнестің туризмге инвестиция салуына қолайлы жағдай жасау тапсырылды. Сондай-ақ туризм саласындағы заңдарды халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру, табиғи аумақтарды қорғау ережелерін нақтылау, қауіпсіздік стандарттарын күшейту мәселелері де көтерілді.

Жолдауда сыртқы туризмді дамыту, визалық режимді жеңілдету және Қазақстанның халықаралық туристік имиджін нығайту міндеті де айтылды. Президент еліміздің табиғи байлығы мен тарихи мұрасын әлемге таныту үшін маркетингтік жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

Солардың бірі - Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі. Қазақстандағы ең перспективалы туристік аймақтардың бірі. Табиғи байлық, тарихи-мәдени мұра және ұлттық парктің болуы экотуризмді, тау туризмін, этнографиялық бағыттарды кең көлемде дамытуға толық мүмкіндік береді. Бұл ауылдық және экотуризмнің қарқынды дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді. Өңірде шағын және орта бизнес өкілдерін туризм саласына тарту жұмыстары күшейіп келеді.

Туризмді дамыту тек экономикалық өсім ғана емес, мәдени мұраны сақтау, өңірлерді өркендету және Қазақстанның әлемдегі беделін арттырудың маңызды тетігі болмақ.

М. СУЛЕЙМЕНОВА,

«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ туризм және рекреация маманы.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің назарына!

Құрметті Сарқан ауданының ауылшаруашылығы тауар өндірушілері, соңғы жылдары табиғи-климаттық жағдайлардың өзгеруіне байланысты, сондай-ақ ескірген сорттардың, тұқым материалының ескіруіне байланысты «Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мүмкіндік болғанша тұқым материалын ішінара ауыстыруыңызды сұрайды, сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы N 385 заңдылықтың 1-бабы 1-тарауының 13-14 абзацтарды ұстауыңызды сұраймыз:

13) сорттың өзгеруі - өндірушілер өсіретін, сұрыптар өндірісінде өсірілетін, пайдалану үшін ұсынылған жаңа сорттарға, өнімділігі жоғары немесе экономикалық құнды белгілері мен қасиеттері бойынша ауыстырылатын сорттардан жоғары сорттарға ауыстыру;

14) сорттық жаңарту - өндірісте қолданған кезде сорттық және биологиялық қасиеттері нашарлаған тұқымдарды сол сорттың ең жақсы тұқымымен ауыстыру;

Вниманию сельхозтоваропроизводителей!

Уважаемые Сельхозтоваропроизводители Сарканского района, в связи с изменениями природно-климатических условий, а так же в связи с устаревшими сортами, семенами семенного материала имеющихся у многих из Вас ГУ «Сарканский районный отдел сельского хозяйства и земельных отношений» просит Вас, по возможности заменить семенной материал, согласно Закона «О семеноводстве» Республики Казахстан от 8 февраля 2003 года N 385 главы 1 статьи 1 пунктов (13-14):

13) сортосмена - замена производителями семян старых, возделываемых в производстве сортов новыми, рекомендуемыми к использованию сортами, более продуктивными или превосходящими заменяемые сорта по хозяйственно ценным признакам и свойствам;

14) сортообновление - замена семян, сортовые и биологические качества которых ухудшились при использовании в производстве, лучшими семенами того же сорта;

Г.БАТЫРБЕКОВА,

главный специалист ГУ «Сарканский районный
отдел сельского хозяйства и земельных отношений».

ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА СӘУЛЕ ТҮСІРГЕН БАЙҚАУ

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлық – тек экономикалық немесе құқықтық мәселе емес, ол ел дамуының, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлерінің бірі болып отыр. Осы орайда қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған кез келген бастама үлкен маңызға ие. Соның жарқын мысалы – жуырда аудандық мәдениет үйінде «Jetisy jastary» КММ-нің филиалы «Sарqan jastary» филиалының ұйымдастыруымен «Заң мен тәртіп қағидатын» жүзеге асыру бойынша "Құқықбұзушылықтың алдын алу" атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы сурет байқауы, онда өнер тілінде қоғамға ой салатын ондаған туындылар ұсынылды.

Аталған байқауда негізінен балалар шығармашылық үйінің жас суретшілері, атап айтқанда шығармашылыққа жаны жақын оқушылар жемқорлықтың түрлі қырларын бейнелеген. Туындылардың идеясы әртүрлі болғанымен, бәрінің негізгі мақсаты – әділдік, адалдық және азаматтық жауапкершілік ұғымдарын насихаттаудан тұрды.

Осы мазмұнды шараның ұйымдастырушылары «Jetisy jastary» КММ-нің «Sарqan jastary» филиалы байқау арқылы оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрмет пен тәртіпке баулуға ықпал ету, құқықбұзушылыққа жол бермеу туралы ой қалыптастыруды мақсат еткен. Өйткені мұндай зұлымдықпен тек жазалау арқылы емес, ең алдымен мәдени және сана-сезімдік деңгейде күресу қажет.

Байқау барысында оқушылардың қолынан шыққан өнер туындыларын бағалаған қазылар алқасы өз ой-пікірлерімен бөлісіп, мұндай шаралардың жиі өткізілуін құптайтындарын айтты. Кейбір туындыларда үміт пен оң өзгеріс идеясы да басым болды: таза қоғам, әділ жүйе, жауапкершілігі жоғары азамат бейнесі көрініс тапты. Бұл көркем образдар тек сын айтуды ғана емес, болашаққа деген сенімді де нығайта түсті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сурет байқауы – тек өнер шарасы емес, қоғамдық сананы жаңғыртуға арналған маңызды қадам болды. Өнердің күші – оның жүрекке де, санаға да ықпал ететіндігінде. Сондықтан мұндай бастамалар өңірде жиі ұйымдастырылып отырса, қоғамның әрбір мүшесін әділдік пен адалдық жолында біріктіруге үлесін қоса беретіні анық.



Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

ЖОБА

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Ауданішілік және қалалық қатынаста жолаушылар мен багажды
автомобильмен тұрақты тасымалдауға тарифті белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 - баптарына, Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігі туралы» Заңы 19 - бабының 4, 5 – тармақтарына сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарқан ауданы бойынша ауданішілік және қалалық қатынастардағы жолаушылар мен багажды тұрақты әлеуметтік маңызы бар автомобиль тасымалдарына тариф келесі мөлшерде белгіленсін: 1) Сарқан қаласы бойынша жол ақысының мөлшері-100 (жүз) теңге. 2) Сарқан қаласы - Алмалы ауылы - Бірлік ауылы бойынша жол ақысының мөлшері - 120 (жүз жиырма) теңге.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

«Келісілді»

Сарқан аудандық мәслихат төрағасы

Ғ. Маманбаев

М. Разбеков

ПРОЕКТ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОГО АКИМАТА

Об установлении тарифа на регулярные автомобильные перевозки
пассажиров и багажа во внутрирайонном и городском сообщении

В соответствии со статьей 31, 37 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктами 4, 5 статьи 19 Закона Республики Казахстан «Об автомобильном транспорте», акимат Сарканского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Установить тариф на регулярные социально значимые автомобильные перевозки пассажиров и багажа внутрирайонных и городских сообщений по Сарканскому району в следующих размерах: 1) город Саркан размер оплаты за проезд – 100 (сто) тенге. 2) город Саркан - село Алмалы - село Бірлік - размер оплаты за проезд – 120 (сто двадцать) тенге.

2. Контроль за исполнением данного постановления возложить на курирующего заместителя акима района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким района

«Согласовано»

Председатель Сарканского
районного маслихата

Г.Маманбаев

М.Разбеков

ҚЫЗ, КЕЛІН, ана-әжелеріміз

Қандай да бір сөздің алдына «ақ» деген сөз тіркесі қосылып айтылса, айтайын деп тұрған адам жайында болсын, қандай да бір зат болсын, оның адал, шынайы, таза сияқты теңгермелері санаңа келе қалады. Мысалы: ақ бата, ақ босаға, ақ әже, ақ келін, ақ орамал, ақ көңіл т.б. Ел басқарған хандарды да халқымыз ақ киізбен көтеріп, таққа отырғызған. Ондағы ойлары халқына адал қызмет етіп, ақ жолдан таймасын дегендері еді.



2025 жылдың 19 қарашасында Сарқанымыздың көшесімен ақ көйлек, ақ шапан, ақ кимешек киген ақ әжелер шеруі қала тұрғындарының қайсысының болмасын көңілін аударып, таңдандырғаны байқалып тұрды. Осы көріністі байқап қалған таныстарым «- Ұлжан мына әппақ аққудай болып киініп алған әдемі әжелер кімдер? Олар не істеп жүр? Бұл қандай іс-шара? Қандай тамаша!»- деген сұрақтардың астынан алды. Айтайын қандай іс-шара екенін! Ден қойып оқып шығыңыздар! Бұл 23.11.2021 жылы заңды түрде тіркеліп ашылған «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жетісу облысы бойынша аудан-аудандарда ашылған бірлестіктердің филиалдарынан, облыстық бірлестік төрайымы Оразбаева Мара Елемесқызының бас кеңесшісі Мұқанова Зәмзәгүл Деңгелбайқызы басқарып келген ақ жаулықты ақ әжелер делегациясы. «Бұл не қылған бірлестік, қандай жұмыс атқарады?» - деген заңды сұрақ тууы

мүмкін. Жауап берейін. «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігі – қазақтың ұлтжанды жанашыр қызы Айнұр ханым Жүгінісованың заңды жобасы. Мақсаты – қазақ ұлтының салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, мәдениеті, ділі, ана тілі, басқа да ұлттық құндылықтар мен әйел аналарды тәрбиелеп ұлттық киім, ақ кимешек-жаулықты насихаттап, шаңырақтағы береке-бірлікті ынтымақтандырып, отағасының қадірлі орнын айқындап, ұл-қыз тәрбиесін дұрыс жолға қойып, болашақ ұрпақты білімді, ибалы, инабатты етіп тәрбиелеу, ұлттық асыл мұраны жандандырып ұрпаққа аманаттау! Қазіргі таңда бұл бірлестіктің филиалдары аудан орталықтарын санамағанда республикамыздың 21 ірі қалаларымен қоса Қырғызстанда, Түркі елі Алания мен Анталияда, Ресей-Мәскеуде жұмыс істеуде. «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестіктің құрамындағы 120.000-нан аса ақ жаулықты аналар,

яғни 18-80 жас арасындағы жас бойжеткен қыздар, келіндер, аналар, әжелер, этнограф ғалымдар, қолөнер шеберлері, әнші, әртістер қолдап, бірлестік жан-жақты өркендеп, дамып, қарқын алып келеді. Бірлестіктің ашылғанына төрт жыл мерзім ішінде талай игі іс-шаралар атқарылып жатыр. Мінекей халқымыздың ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерін жаңғыртып, қазақ ұлтының ұлт ретінде сақталып қалуына өз үлестерін қосып

жүрген ақ жаулықты әжелеріміз 19 қараша күні ауданымыздың құрметті қонақтары болып, атқарылып жатқан іс-шаралармен танысып, тәжірибе алмасып, сый-құрмет көріп қайтты. Сарқан ауданы бойынша «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Есимова Айшолпан ханым, Есбала Байболатқызы, Ұлжан Өзбеханқызымен бірлесе отырып, Жанасбеков Қадыл Тұрысбекұлы басқарып отырған аудандық ардагерлер үйінің ұжымының қолдауымен, аудан әкімінің орынбасары Байгунусов Алмас Ажарханұлымен кеңесе отырып әжелер делегациясының Сарқан қаласына кіргеннен бастап жұмыс кестесін тиянақты түрде, уақытпен санаса отырып бекітіп, осы іс-шараны өте жоғары деңгейде ұйымшылдықпен атқарып шықты. Делегация мүшелері қаламыздағы зейнеткерлерге арналған «Белсенді өмір сүру орталығында» болып аудан, қала басшыларының зейнеткерлер

үшін жасалып жатқан қамқорлықтарына тәнті болды. Халқымыздың біртуар азаматы, алаш қайраткері Мұхаметжан Тынышбаевтың ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, ол кісінің өмір жолымен Сарқан ауданының құрметті азаматы, ардагер ұстаз, өлкетанушы, тарихшы Есбала Байболатқызы таныстырып өтті. Ардагерлер үйінде қонақжай халқымыздың салтымен, ақ жаулықты аналарымыздың берекелі қолымен дайындалған дастарханнан дәм татты. Ақ дастархан басында батагөй ақсақалдарымыз бен ақылгөй аналарымыз арқа-жарқа әңгіме құрып, атқарылған іс-шараларға тоқталып, келешекке жоспар құратындай мағыналы да, тұшымды пікірлер айтылды. Түстеніп алған қонақтар Қ. Тастанбеков атындағы мәдениет үйінде ұйымдастырылған аудан аналарының өз қолдарымен жасаған бұйымдарымен танысып, ұлттық тағамдардың түр-түрін көріп, тұрмыстарына қажет деп тапқандарын сатып алып жатты. Бұл көрменің соңы ауданымыздағы әжелердің, келіндердің қатысуымен құрылған көркемөнерпаздар үйірмелерінің өнерлерін тамашалаумен аяқталды. Бұл іс-шараға қаламыздағы кітапхана ұжымының да жан-жақты, тиянақты, мағыналы дайындалғаны да көрініп тұрды. Іс-шараның жалғасы қала орталығында орналасқан саябақты аралап, «Қойтас» демалыс орнын тамашалаумен жалғасты. «Қойтас» демалыс орнының тұмса табиғатпен заманауи үлгіде абаттандырылып, безендірулері өзара үйлесіп, қаламызға ерекше сән беріп тұрғаны қонақтарымызды таңдандырмай қойған жоқ. Жалпы аудан, қала басшыларының халық үшін атқарып жатқан игі істері тайға таңба басқандай болып көрініп тұрды. Оның бәрін ақ жаулықты аналарымыз қырағы көздерімен көрді, сезімтал жүректерімен сезді, озық ойларымен саналарына салып бағалады. Ал сарқандықтардың, біздің кеудемізде ерекше мақтаныш сезімі тұрды. Осындай іс-шараның басы-қасында жүріп, куәгері болғаным үшін өзіме-өзім риза болып ерекше сезімге, толқынысқа бөлендім. Республикалық қоғамдық бірлестіктің бас кеңесшісі Мұқанова Зәмзәгүл Деңгелбайқызының: «Біздер 70-жылдардың желкілдеген бойжеткен қыздары едік, 80-жылдардың бесік тербеткен аналары болдық, енді міне 2000-жылдардың немересін жетектеген әже болу бақыты бұйырған буынбыз»- деген сөзі маған қатты әсер етіп:

«Қыз, келін, ана, әжелерміз,
Мына өмірге сән береміз, мән береміз!
Жылу шашып, шуақ шашып жүрейік,
Бақ-дәулетті еселетіп берекеміз!»- деген өлең шумақтарым тіліме үйіріле берді.

Ибалы қыздарымыз, инабатты келіндеріміз, сабырлы аналарымыз, салиқалы әжелеріміз көп болсын! Аман болайық!

Ұлжан НҰРҒАЛЫМҚЫЗЫ.
Сарқан қаласы.

"Дәстүрге жол" республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілдерімен кездесу

Қоғамдағы отбасылық құндылықтарды нығайту, аға буынның белсенді өмірлік ұстанымын қолдау және әлеуметтік қолдау қызметтерінің тиімділігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Осы мақсатта «Дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері «Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына іссапармен келіп, орталықтың күнделікті қызметімен жақынырақ танысты.

Кездесу барысында бірлестік өкілдері орталық қызмет алушыларымен еркін әңгімелесіп, олардың ұсыныстары мен пікірлерін тыңдады. Сонымен қатар, орталық мамандары тарапынан көрсетілетін әлеуметтік, құқықтық

кеңес беру бағыттары, жоба аясындағы белсенді ұзақ өмір сүруді қолдайтын бағдарламалар және қариялардың әлеуетін арттыруға арналған іс-шаралар таныстырылды.

Орталық ұжымы қонақтарға өздерінде жүзеге асырылып жатқан бастамаларды жан-жақты баяндап, қызмет алушылардың күнделікті өмірін жеңілдетуге жасалып жатқан жағдайлар жайлы сөз қозғады. Әсіресе, егде жастағы азаматтардың қоғамнан шет қалмауына, олардың өмірлік тәжірибесін қоғам игілігіне бағыттауға арналған жобалар бірлестік мүшелерінің қызығушылығын тудырды.

«Дәстүрге жол» РҚБ өкілдері орталықтағы жұмыс жүйесінің үйлесімділігі мен қызмет алушыларға жасалған

қолдауды оң бағалап, мұндай орталықтардың қоғамдағы рөліне ерекше тоқталды. Олар алдағы уақытта да бірлескен жобаларды іске асыруға дайын екендіктерін жеткізіп, ортақ мақсат – отбасы институтын нығайту, әлеуметтік тұрғыдан осал топтарды қолдау және белсенді өмір салтын қалыптастыру бағытында тығыз ынтымақтастықтың жалғасатынын атап өтті.

Кездесу жылы көңіл күйде өтіп, екі тарап та өзара тәжірибе алмасудың маңызылығын атап өтті. Мұндай байланыс болашақта қоғамға пайдалы көптеген бастамалардың жүзеге



асуына серпін беретіні сөзсіз.

Е.БИЛЕШБАЙ,
«Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының әлеуметтік маманы.

Әуелі, газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета сондай керек. Газетасы жоқ жұрт, басқа газетасы бар жұрттың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Бүгін дүниежүзіндегі халықтар телеграм, телефон, пошталар ортасында, бір-бірімен хабарласып, газета арқылы жұртқа қарап, бір үйдегі адамдардай сөйлесіп отыр; дүниеде болып жатқан істер, айтылып жатқан сөздер – кімге пайдалылығын, зарарлы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, зарарлысынан сақтанып тұрады.

Екінші, газета – жұрттың әулет басы-на қызмет ететін нәрсе. Олай болатын мәнісі: жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп, жөн сілтеп жол көрсетіп тұрады.

Үшіншіден, газета – халыққа білім таратушы, олай дейтініміз газетадан жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, істе жеттікпекші.

Төртінші, газета – халықтың даушысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтар газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады.

Халыққа осындай пайдалы қызметтері бар екендігін білген жұрттар газетаны киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсеге санайды. Газетаның пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса, соғұрлым газета,



журналдары көп. Оны мынадан байқауға болады.

1909 жылғы санаққа қарағанда Америкада шығатын газета һәм журналдың есімі – 12435, Францияда 8940, Германияда 8000, Италияда – 3120, Ресейде – 2058 екен. Ең білімді һәм өнерлі халық Америка, сол Америкада газета мен журнал бәрінен де көп. Америкада «Сон» де-

«Заманы-на қарай амалы» деген сөз бар. Мұның мағынасы: заманының түрін қарап іс істер. Тереңірек қарасақ, түніреген-түніреген бұлттар көрінеді. Түбі қандай белгісіз, не боларын білмейміз. Нұр болып жауып, жерімізді көгертіп, несібемізді молайтар ма? Болмаса, дауыл боп соғып, үйімізді жығып, үй ішімізді шашып тастар ма? Көзіміз бұған жетпейді. Жалаң аяқ, жалаң бас, жеңдеріміз киюсіз, етектеріміз жиюсіз ашылып, шашылып, қамсыз жатқан халықпыз. Күннің не боларына көзіміз жетіп тұр. Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де үйлеріміз құламай, үй ішіміз шашылмай қалуына амал ету керек емес пе? Сол амалға кіруге жұртқа кіруге мұрындық болатын нәрсенің бірі – газета. Халыққа газетаның керегі қандай екендігін айтып өткеніміз ұнамсыз болмас.

ҚҰРМЕТТІ ОҚУШЫЛАР!

1907 жылғы санаққа қарасақ, Ресейде сол жылы 2173 есімді газета һәм журналдар шыққан. Оның 1396-сы орыс тілінде, 867-сі басқа тілде. Сол 867-нің ішінде біздің татар қандастарымыздың 30 шамалы газета, журналдары болды. Бізде біреу де болмады. Онан бері 5 жыл өтті. Сол 5 жылдың ішінде газета, журналдардың саны бұрынғыдан да өсті. Біз де құр қалғанымыз жоқ. «Айқап» журналы шықты. Ол бұрынғыдан гөрі жақсырақ болса, ілгері басқанымыздың белгісі. Бірақ бір адым ілгері басып, соныменен тұрып қалсақ, онымен алысқа ұзай алмаймыз. Ілгері басқанның үстіне ілгері басарға керек. Озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырмысқандар төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрге тырмысалық. Басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік...

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
«Қазақ» газеті,
2-ақпан, 1913 жыл.



Әуелі «Дала қоңырауы» атанған Ыбырай баба: «Маған жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» деп ұстаз беделінің биік екенін бағамдап берді. Алтынсарының баласының ізімен Алаштың «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» перзенті Мағжан ақын «Педагогика» туралы ілімін қалдырып, терең зерттеп, зерделей келе: «Алаш баласы бас қосқан жерде төр – мұғалімдікі» деп алар орнын айнымастай қылып белгіледі. Қазақтың төл дыбыстарын түгендеп, әр әрпімізді өз орнына қойып «Әліпбиімізді» жазып берген Байтұрсынның Ахметі «Ұлт ұстазы» атанды. Жұртымыздың рухани шамшырағы болған дана, дара бабаларымыздың айтқан сөзі де, қылған қарекеті де ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатыр. Бірақ...

Мұғалім газет оқыса...

Жасыратыны жоқ, дәл осы «біраққа» келгенде жоғарыдағы тегеурінді теңеулердің, оны сөзбен айтып қана қоймай амалына айналдырған тұлғалардың сеніміне селкеу түсе бастағандай сезіледі. Сол сенімді селге ағызбай жүрген санаулы мұғалім болмаса, сөз шындықтан бұзылмайды ғой, бүгінгі ұстаздың біразы емес, көбі газет-жорнал оқымайтын жағдайда. Бұл көзіміз жетіп жүрген дүние. Ел ішіне жиі шығамыз. «Қонақ аз отырып, көп сынайдыны» жақсы меңгергеніміз рас. Сыр суыртпақтап отырып, шынын айтқызып алатын сәтіміз де бар енді. Ойламаған жерден газет оқымайтынын білдіріп қояды. Ал енді басылым бетін парақтап көрмеген ұстаздың көз майын тауыса кітап оқиды дегеніне сену де қиын. Осы жолдарды оқып отырып, газетті машығына айналдырған санаулы мұғалім өре түрегелмесе, қалғаны ащы шындық шымбайына батса да «шыңқ» ете қоймайды-ау!

Әлқисса, Асхат Аймағамбетов министр болған жылдары аспандағы Айды әпермесе де мұғалім беделін біраз көтеріп кетті. Ол әкелген реформаның бір тармағында «Дала қоңырауының» жолын жалғаған жандардың мерейі тасыды. Жалақыларының да көтерілгені осы тұста болды. Ұлағат иелерін қорғайтын заңды таразыға қайта тартып, «Педагог мәртебесін» айқындап берді. Осы бір

аралықта ел арасында «антикор» атанып кеткен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі» «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықтының» керін келтірді. Жылдағы газетке жазылу дәстүрін «Даудың басы Дайрабайдың көк сиырына» айналдырып жіберді. Яғни, «баспасөз науқанында әкімдік күштеп жаздырса жауапқа тартамыз» деген сипатта мұғалімдердің жел жағындағы қорғаны, дауылдан сақтар орманы бола қалды. «Өзі қашайын деп тұрған киік еді, құлағына таяқ тиіп еді» деген ниетте болды ма, әйтеуір «алтын ұядағы» зиялы орта бірден бізден сырт айналды. Нәтижесінде «Өзінің уақытын аямаған, өзгенің бақытын аялаған», «Ұстаз – ұлағатты есім», «Сыңғырла, күміс, қоңырау!» деп сан түрлі тақырыппен есімдерін ерекшелеп, дарындысын даралап, атағын елге паш етіп жүрген газеттерге шекесінен қарай қалды. Оған Аймағамбетов айшықтап берген «Педагог мәртебесі туралы» заңның қуатын қосыңыз. Сөйтіп, «Бұдан да жаман күнімде тойға барғам» дегендей, айлығы төмен кезінде де түрлі мерейтойда сабағы жайына қалып, қонақ күтіп, дастарқан жасап, сенбілікке шығып, көше сыпырып, саяси сайлау уақытында сенімді сарбаздай сап түзеп, соңында «дауыс ұрлағыш» атанып, сынға ілініп жатса да ұстаз деген атын, мұғалім деген қызметін құрметтеп, жұртпен бірге жа-

была соқпай, тек жақсылығын паш етіп, еңкіш тартқан еңсесін көтеріп, насихаттаудан жалықпаған жанашыр басылым едік, аяқасты керексіз болдық та қалдық. «Жұт – жеті ағайынды» дегендей, басылым мен оқырманның ортасында алтын көпір болуды өздеріне міндеттеген «Қазпоштаның» салғырт қимылы, тасбақа жүрісі арамызды тіптен алшақтатып жіберді. Бұл ойыма ел арасына барып, кездесулер өткізгенде айтатын оқырмандардың: «Он-он бес күнде жиып-теріп әкелетін гезитінді оқып қарық қылмаймыз, қарағым. Ескіріп кеткен жаңалығыңды не қыламыз? Бәрі мына телефонда тұр, сол жетеді бізге», – деген уәж айтады байырғы аға буын оқырманның біразы. Ол ағайынға газет тек қана ақпарат таратудан, бес күнгі жаңалықты ғана жариялаудан тұрмайтынын түсіндіреміз. Қоғамның көлеңкесі мен шуағы, жетістігі мен кемшілігі, тал бесіктен басталатын тәрбие мен жүгенсіз кеткен жастардың жан ауыртар әрекеті, ауырмай тұрып ем іздеудің, адаспай тұрып жол табудың бәрі айтылатынын жеткіземіз. Бірақ сананы торлаған ғаламтордағы әлем әдемі көрініп, әлемжелідегі әлем-жәлем дүниенің өсерінен айыға алмай жатқанын қашан бағамдар екен бейғам жұрт?!

Бірді айтып, бірге кетпейін. Мұғалімнің газетке бет бұра алмау себебіне Қазақстандағы «қағазбастылықты»

арағайындыққа салып, арашалап алғымыз-ақкеледі. Күні бойы қағаздан миы ашып, кештете үйіне оралғанда алдынан газет-жорнал «маған қарауды ұмытпа» деп тұрса көзі қарауытып құлап қалатын шығар деген жанашырлық сезімге беріліп кететініміз де рас. Біз сөйткенімізбен өздері әңгіме арасында бір сағаттың ар жақ-бер жағында телефонға телміріп, әлеуметтік желіге желімдей жабысып қалатынын байқамай айтып қояды ғой тағы да. Осыдан кейін сол уақыттың бір мысқалын ғана газет парақтау мен кітап қарауға бөлсе ұтылмайтын еді-ау деген ой өзінен-өзі келеді жұмыр басымызға.

Әсілі, педагог мәртебесінің биіктегенін біз де қалаймыз. Өйткені мұғалімдер біздің оқырманымыз ғана емес, ұрпағымыздың көкірегіне ілім нәрін құятын ұстаз әрі тал бесіктен шығып, алтын ұяның босағасынан аттаған ұл-қыздарымызға білім мен тәрбиені қатар беріп жатқан зиялы қауым өкілдері. Өздерінің жанындағында «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген әл-Фараби дананың сөзін жиі айтады. Білім – әр ұстаздың жеке пәндері арқылы берілетін құндылық, ал тәрбиеге жеке көңіл бөлу керек болған соң қосымша уақыт арнап, яғни тұрақты басылымдарға бір қарап, «айналамызда не болып жатыр екен, қай жерден ақсап тұрмыз?» деген сияқты сан түрлі сауалға жауап тауып, соған қарекет жасауға көмекші құрал газет еді ғой. Айдай әлемді ашық көрсететін алақандай ғана телефонның ішіндегі дүниенің бәрі ақиқат емес екенін сезінсе керек еді. Ол жерде кім, не демей жатыр?! Ал басылымда өтірік жазып бүлдіргенің үшін де, жалған ақпарат беріп адастырғаның үшін де жауап бересің. Сол үшін нақты дерек пен шынайы ақпарат газетте!

Алдыңғы толқын аға буын ұстаздардың бақыты – олар дәл бүгінгідей ғаламторға торланып, түрлі ақпарат ағынына батып кеткен жоқ. Олар газет, жорнал, кітап оқыды. Сондықтан заңмен қорғалмай-ақ оқушы алдында ғана емес, қоғамда орны биік тұрды! Ал бүгінгі ұстаздың да, оқушының да қолында бірдей смарт-фондар, планшеттер, телефондар. Оқушылары құндылықты дүниемен өлшеп, өздерін ұстаздарымен тең дәрежеде ұстайтын дәуірде ұлағат иелерінің беделі бір мысқал болсын қайтсе биіктемек?! ӘРИНЕ, МҰҒАЛІМ ГАЗЕТ ОҚЫСА...

Жұматай ОСПАНҰЛЫ.

Жомарт ИГИМАН

Ықылас Болатбекұлы Құттыбеков 1975 жылы желтоқсанның 16 - сын-да Сарқан ауданының Абай ауы-лында дүниеге келді. Әкесі Болатбек пен анасы Бисараның шаңырағын шаттыққа бөлеп келген Ықыласты шыр етіп дүниеге келгеннен әжесі бауырына басыпты. Анасынан қам сүт емген сүйкімді сәбиді құндақтап, бесікке бөлеп, айналаға көз тоқтатып қарағаннан кейін - ақ аулаға алып шығады екен. Қаз - қаз тұрып, тәй - тәй басқанын бүкіл ауыл болып қызықтапты.

Болатбек ағамыздың жұмыстан кейінгі ермегі - қара домбыра. Күмбірлетіп күй шертіп, әсем әуенге салғаны бала Ықыластың көкейіне жа-стай ұялап, ес білгеннен домбыраға үйір болды. Ықыластан кейін дүние есігін ашқан Ақжан, Дана есімді қос қарлығашпен Құттыбековтар отбасы ажарлана түсті. Домбырадан ажы-рамай өнерге құштар болып өскен тұңғышын әкесі Алматы қаласындағы Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық мектепке беруге шешім қабылдайды.

- Алматыға аттанарда жеті жасар жеткіншегін қимай шешем жылап қалып еді... Араға жылдар салып аза-мат болып, немере сүйгізіп, жолым-ды жалғастырып, атымды шығарып, төбемді көкке жеткізген тұңғышымнан айналдырған ауру ажыратқанда не болғанымды білмедім. Қара түнек құрсауында қалдым. Содан бері ұлымның үні, әні әлі құлағымнан кетпейді. Қимастық қиындығын сезініп, сағыныштың сары шекпенін жамылып келемін,- дейді сексен-ге иек артқан Болатбек ағамыз. Перзентінің қайғысы жан - дүниесіне күйік болып жабысқан Бисара ананың қамыққанын көру қиын, әрине...

Ғұмыр деген бір ұзақ күй болады,
бар ғой менің сатып алған

домбырам.

Перне сайын өрмелесем жоғары,
Егіз ішек бола алады жол бұған.

Жылдар - перне; саусақтарым
сабылып...

Әр пернеден бір - бір арман
жонады.

Бір пернені бассам
кейде жаңылып,

Одан әрі тартқым келмей қалады, - деп жазған еді айтулы ақын Жұмекен Нәжімеденов. Әр пернеден арманын іздеген талантты күйші, жүрекке жылы тиетін әсем әндердің авторы ретінде жерлестерінің есінде қалған әнші - композитор, білікті ұйымдастырушы Ықылас Болатбекұлы, өкінішке орай, бүгін біздің арамызда жоқ.

Көзім жетті ғұмырдың жалғанына,
Өлім күлді мәз болып алғанына.
Көрген түстей өмірден көштің,

бауырым,

Іліңнің де аурудың қармағына.

Үрей қамап жан-жақтан күбірледі,
Ата-анаңның қайғыдан бүгілгені.
Үш-төрт апта төсекке

таңып қойған,

Өлсіз жібі үміттің үзілгені.

Айықпас дерт сынады

шыдамыңды,

Жанарыңнан жас емес мұң

ағылды.

Жоқтап сені жар даусы құмығады,
Сақтай алмай қалдым

деп сыңарымды.

"Бір күй бар домбырамада тартылмаған!"



Ол екiнiң бiрi келiп жатқан елудi еңсере алмады. Қырықтың сегiзiне жеттiм бе дегенде домбырасының шегi үзiлдi, ата - анасы, отбасы үшiн қайғы пердесi тұмшаланды. Дауылпаз ақын Қасымның әйгiлi өлеңiнде өрнектелгендей домбырада тартылмаған күйi қалды, көкейiнде айтылмаған сыры қалды...

Қысқа ғұмыр... тағдырың
тұсап қалды,
Үгітіліп ірі арман ұсақталды.
Енді, міне, туған жер топырағы,
Өнер тұнған кеуденді
құшаққа алды.

Алды ажал қайырымсыз,
сұсы басым,
Қайда қашып жазмыштан
құтыласың.
Ұл-қызың бар, көктейді бұтақтарың,
Қош бол, інім, бақұл бол,
Ықыласым!

Бұл қоштасу жыр 2023 жылдың ақпанында жазылып еді.

Талант жалқы болмайды. Ықыласты жерлестері алдымен күйші ретінде таныды. Мен осынау өнерлі бозбаланы 1997 жылы Сарқан аудандық мәдениет үйінің сахнасынан көрдім. Ғасырлар бойы атадан балаға жалғасып алтын арқау, жібек желісін үзбей ұлтпен бірге келе жатқан ұлық өнерді қастерлейтіні көрініп тұр. Күйшілік дәстүрді жалғастырып жүрген жас жігіт туралы мағлұматқа қанықтым. Ахмет Жұбанов мектебінің түлегі екен. Одан кейін арнаулы оқу орнын бітіріпті. Жігер мен шабыттың, тәуекел мен арманның, қайрат пен ақылдың тұнбасы - өнерден ол өзін іздеп жүріпті.

Бір - ер жылдан кейін Ықылас Шымкент мәдениет институтын тәмамдап, жоғары білім алды. Астанада, Алматыда өз саласы бойынша қызмет атқарды. Астанада жүріп үйленді, Ақмарал келін екеуі Сарқанға оралып, ата - анасының қолын ұзартты. Бірінен кейін бірі дүниеге келген төрт бала өсіп - өнді. Ықылас қайтқанда үлкені Пейіл жоғары сыныпта, кенжесі Санжар бала бақшада жүрген - ді.

Алматыдан туған жеріне оралғанда Ықылас Болатбекұлы Сарқан қаласындағы Балалар шығармашылық үйіне қызметке қабылданды. Бұл кезде оның ән өнеріне қызығушылығы ересен еді.

Балаларды өнерге баулып жүріп, өз өнерін де кемелдендірді. Сол жылдары арнайы үйге келіп, бір - ер әніне сөз жаздырып алғаны бар.

Көп ұзамай аудан басшылығы өнердің өз өкілі болып қалыптасқан азаматты аудандық мәдениет үйінің директоры лауазымына тағайындады. Оның шығармашылық қыры осы қызметте жүргенде кеңінен ашылды. Өнерлі жастарды сахнаға алып келді. Ізбасарларына қамқорлық танытты. Бұған дейін көргенін, білгенін, оқығанын, тоқығанын аудан мәдениетін кемелдендіруге жұмсады. Мәдениет үйі Ықыластың кезінде күрделі жөндеуден өтті. Кешегі сүреңсіздеу ғимарат адам танымастай өзгерді. Мәдениет үйінің сыртқы келбеті ғана емес ішкі мазмұны да айшықтанды. Тақырыптық кештер бір - бірінен өзгеше реңкте өтетін болды. Өзі де, ұжымы да салалық, мемлекеттік марапатқа ие болды. "Мәдениет саласының үздігі" атанды. Осы қызметте жүргенде шығармашылығын шыңдап, ана туралы, Алдияр батыр туралы менің өлеңдеріме ән жазып, мерекелік шараларда орындап жүрді.

Ән құдыретіне ерекше ден қоятын оның жан сарайы сұлу еді, өнермен үндестігі айқын сезіліп тұратын. Күннің шұғылалы шапағына, айдың жұмсақ нұрына таңырқаған жан-дар сол сұлулықтың сырын ашуға ұмтылмай ма?

Содан барып ән туады. Жүректі қозғаған сағыныш пен күйініштен өлең жолдары тізіледі. Әнші біткен әдемі әуен, әуезді сөзді түйсініп, домбыраны қолға алады. Тамағын кенеп, ұшатын қырандай қомданады. Ықыластың өнер жолы осындай таңдану, тамашалау, тебіренуден барып, он ойлантып, тоғыз толғанып басталғаны ақиқат.

Әкесіне тартып туған ұлдың ешкім тәптіштеп үйретпей - ақ домбыраға құштар болғанын жоғарыда айттық.

Музыкалық білім алып жүріп гармонь ойнайтын болды. Сазды, үрмелі аспаптардың бәрінде де өзін байқап көрді. Көптеген аспаптардың тілін де тапты. Бойға біткен өнерінің арнасын кеңейтті. Алыс - алыс өзен - көлдерге жол тартатын бұлақтардай ізденісін ілгерілетті. Ұясынан қанат қағып ұшып, қалаған шыңға қонатын қырандай құлашын кеңге сермегісі келді. Әйтеуір өнерден ерекше бір серпіліс күтіп, албырт көңілмен іштей арпалысты. Сондықтан іштегі толғанысын бөлісу үшін жиі дидарласып, кеңесіп жүргені күні кешегідей есімде.

Қысқа ғана ғұмырының соңғы жылдарында Ықылас Болатбекұлы Сарқан гуманитарлық колледжінде ұстаздық етті, ұлт-аспаптар оркестрінің жетекшісі болды. Данышпан Абай "Ақылдының сөзіндей ойлы күйді, Тыңдағанда көңілдің өсері бар" дейді. Күйдің тілі - қазақтың тілі. Екеуі егіз ұғым. Ол білімгерлерге күйдің тілі мен мазмұнын ұғындыруға ұмтылды. Күйді жаттап алып тартқаннан гөрі, күйді тым қуалап, жылдамдықпен тартқаннан гөрі жан - дүниеңмен сезініп тартудың әлдеқайда артық екендігін өзінің әсем де жүйелі тартысымен түсіндіре білетін. Сондықтан да бұл оқу орнынан шебер орындаушылар шықты, дәулескер күйші - домбырашылар шықты. Өнер жарыстарында колледж білімгерлерінің бәсі биік болып, өздерінің де, ұстаздарының да мерейін өсірді.

Дөңгеленіп келеді өмір шіркін,
Өкінішті ой көбейді дүркін - дүркін.
Қаласың - ау жарқырап

қайран дүние,

Көз жұмылып, тіл тоқтап қалса бір күн, - деп өмірмен қош айтысқан өнер адамының соңында қалған мұрасын әріптестерінің жаңғыртып, еске алу шараларын өткізеріне сенгіміз келеді. Өнер дегеніміз өміршең ғой...

Нұрғали Көпесбаев

Біздің ауылдың орналасқан жерін «Аманбұлақ» деп атайды. Солтүстігін Алмалы тауы, оңтүстігін асқар Алатау қоршап тұр. Осы қоршаудағы жазық жерде «Жамантеректі», Екіаша елді мекендерімен қатар біздің ауыл қоныстанған.

Таулы өлкенің ең шұрайлы жері Төребай жер ауып келген орыс келімсектерінің иелігінде. Жергілікті тұрғындардың, осы елді мекенді мекендеген жұмырбасты жандардың көпшілігінің киімге, асқа жарымаған таза кедей болуының салдары тым тереңде. Патшалық Ресейдің құнарлы өңірдің түкпіріне тереңдеп енуі салдарынан қараңғы ел «мандайға жазғаны осы шығар» деп сол аз ғана ауқатты топтардың жетегінде жүре берген.

Бұл жердің табиғаты керемет. Алатаудың арғы жағы Қытай елі, бергі жағы біздің ел. Жер жәннаты Жетісу жерінің терінде орналасқан осы жұмақ мекенді момақан қозы сияқты тірлігін қанағат тұтқан бейбіт ел мекендеген.

Бай-құлақтардың тірі жемтігі болып Жетісудың шалғай түкпірінде сүреңсіз күнкөріс өткізген елдің біз де бір перзентіміз.

Алмалы тауы оңтүстігін мекендегендіктен бізге биік тау емес, жай қырат сияқты көрінетін. Ал енді теріскей жағындағы жазықтан қарағандағы айналасы 50-60 шақырымға созылатын асқар Алатаудың емшегін еміп жатқан баласы сияқты еді. Табиғат бұл тауға әсемдікпен бірге қатынасын сыйлаған. «Алмалы» деген атына сай жабайы алма өспейтін бірде бір сай-саласы жоқ. Теріскейінде де, күнгейінде де мөлдіреген түп-тұнық таза тұма көздерінен аяқ алып жүре алмайсың. Алмадан басқа қарақат, тасжарған, таңқурай, жабайы жуа, рауғаш, бүлдірген, саумалдық сияқты мол жеміс өседі. Ал енді мұнда шөптің небір түрлері бар. Осы өсімдіктер басын жарған кезде аңқыған жұпар иісіне басың айналады. Ауруыңа ем, дені сауға қуат беретін дәрілік шөптер де мол. Жер жәннаты Жетісудың осынау қазыналы кішкентай бөлігі әлі күнге түсіме енеді. Оңтүстігімізде аспанға бой тіреген ақбас Жоңғар Алатауы тұр. Оның қарағайлы қойнауына өскен небір ағаш түрлері мен жемістерінің есебі жоқ. Одан соққан самал желдің өзі дененді сергітіп, тынысыңды кеңітіп, адамды бір тың күшке бөлеп, қуаттандырып кетеді. Бұл жердің ауасы өте таза, суы қандай мөлдір болса, адамдарынан да шынайылық күтесің.

Қысы-жазы көкорайға малынып тұратын бұл өңірде кейде бір батыс жақтан жел соқса шаң-тозаң көтерілмейді. Алты ай жаз, алты ай қыс өз мезгілімен өтіп жатады. Қыста қар қалың жауады, бірақ аяз болмайды. Жазда аптап ыстық та болмайды. Қандай бір қуаңшылық жылдарында шөп шықпай, егін өнбей қалған емес. Бұл өңірдің жері суармалы болмағандықтан төскейге салынған егін жердің ылғалымен, жаңбырдың күшімен шығады. Алатаудан Теректі, Жамантеректі өзеншелері Алмалының тұма көздерінен құралып, тау ішінен «Дәуіталы» бұлағы батысқа, теріскейінен «Шолақбұлақ», «Ұзынбұлақ» болып ағып Лепсі өзеніне қосылады. Үстіңгі оңтүстік тұма көздерінен құралып, «Аманбұлақ» деп аталатын бұлақ көздеріне қосылады. Міне осы Аманбұлақты жағалай біздің ауыл орналасқан. Мұның суы да асқар Алатаудан басталып шығатын «Басқан» өзеніне қосылып, одан әрі Лепсі өзенінің суын молайтып атақты Балқаш көліне апарып құяды.

Елдің жайлауы осы Жоңғар тауы. Басында мәңгілік мұз жатады. Адам баласының әлі аяғы тимеген шыңдар бар. Біздің жайлаудың тұсынан ары асатын асу жолдары, «Балақора», «Үлкенқора», «Кіші Басқан», «Үлкен Басқан» деген су бастаулары арқылы ары-бері қатынас жолдары бар. Асу жолдары өте қиын. Жайлауға не салт атпен, жол жағдайын білетін көнекөздерге ілесіп бармаса кім көрінген ары-бері аса бермейді. Төңкерістен кейін бұл жерлерде шекарашылар күндіз-түні күзетуде. Осы жайлау

үстінде жүргенде өзінді бір қалқып ұшып жүрген ақиық Алатаудың бүркітіндей сезінесің.

Балқаш көліне барып құятын Ақсу-Лепсі өзендерінің алғашқы бастаулары осы біздің Алатаудан өріс алады. Біз мекендеген бұл тау өңірінде жоғарыда айтқан табиғат байлығымен бірге аң-құс атаулының бірқатар түрлері бар. Аю, қасқыр, түлкі, қоян, барыс, сілеусін, марал, елік, таутеке таудың сәні болса, құс атаулыдан мұнда ақиық бүркіт, қаршыға, ұлар, кекілік, шіл, дуадақ, қызыл қаз-үйректер мекендейді. «Не ексең, соны

қара жердің қайтарымын көрмегендіктен жергілікті қазақтар егін шаруашылығына мойындары жар бермеді де, жылдан жылға қонданып бара жатқан кулактарға жалға жүріп, күнкөрісін айырып отырды. Шөп жеп күн көрмей -ақ қояйық деп үйреншікті малдан айырылғысы келмеді. Егістікке арналған құрал-саймандарды өздері жасап алған мұжықтардың уақыт өте келе жілігіне май жүгіріп, адам жалдайтын байлыққа кенелді.

Төңкерістен кейін орыс кедейлері мен қазақ кедейлерінің ынтымағы қалыптаса бастады. Ауылдағы екі молдадан ескіше



Өмір өткелдері

Ұлы Отан соғысының ардагері, «Қызыл жұлдыз» I дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерінің, «Ерлігі үшін» медалінің иегері Нұрғали Көпесбайұлы тірлігінде соңына «Өмір өткелдері» атты деректі хикаятты қалдырыпты. Марқұмның әдеби мұрасынан іріктеп, естеліктерін ұсынып отырмыз.

орасың» дегендейін егістің де, жемістің де қандай түрін ексең де ертеңінде өнім береді. Өрине оған адам баласының адамша күтімі, оңды көзқарасы, дұрыс баптауы керек. Осындай табиғаты бай жерде аштық болады деп кім ойлапты?

Ақбас Алатаудың осы өңірі талай-талай оқиғаның шежіресі деуге болады. Бұрын бұл өңірде төре тұқымдары билепті. Екіашада Қыпшақ жатақтары болса, Жамантеректіде Садыр, Матай рулары қоныстаныпты. Кейін осынау құнарлы өңір орыс переселендеріне беріліп, «Тополевка», «Покатиловка» деп атандырып жіберген. Патша үкіметінің қолдауымен қарашекпенділер аз уақыттың ішінде ауқаттыларға айналып шыға келеді де жергілікті кедейлерді жалшылықта ұстайды.

1912 жыл болса керек. Біздің ауыл мен басқа елді мекендердің аралығы шамамен 10 шақырымдай. Бұған дейін «Бисыймас», «Боз бие өлген», «Үшқарабет» деп аталған жерлер көп ұзамай «Николанова», грива «Петровой», грива «Жановой», грива «Горбунов», «Маслова» деп өздерінше атап иеленіп алды. Біздің «Алмалы -Аманбұлақ» ауылдарын ақ патшадан шен-шекпен киіп, алтын знак таққан Мөңке төренің тұқымы билеп тұра берді. Қарамағындағы Садыр, Матай рулары, 60 үйлі әр рудан құралған кедейлер бар.

Мөңке төренің Бексұлтан, Ақан-Аппас, Әбілпейіс деген азулы балалары болған. Әбілпейіс Петербургта оқып жүріп жастайынан қаза болған. Ауыл кедейлері төреге де, орысқа да жалданып жүріп ішкі жақтағы революция дүмпуін сезініп, төңкерісті көрді. Ақан-Аппас төрелердің Келгенбай деген қалмақ жігітіне жасаған зорлығы қалың елге тарады. Сол төрелердің бір жас жесірмен көңілдес болып жүрген жерінен көзге түскен Келгенбайды ұстатып, оны өлтіргені сол өңірге белгілі. Мөңке төренің қызына ғашық болған Шатырбай деген жылқышының хикаясы алуан аңызға арқау болды. Кедейге қыз бермеспін деген сертпен бірбіріне ынтық Шатырбай мен Мәулімді өлімге қиған ескі заманның тәртібі өзгертін күн жетті. Арасын Теректі өзені жарып өтетін алқапта Шатырбай шоқысы менмұңдаласа, өзеннің бергі жағында Мәулім шоқысы көз тартады. Қос ғашық туралы жыр-дастандар ел арасында еркін кезіп жүрді.

Қарашекпенділер кірмемін демеі патшалық Ресейдің қолдауымен құнарлы жерге орналасып алып жергілікті қазақтарды ығыстырып, сол жерге егін салып, шөп шабуға кірісті. Үйлерінің іргесінен бау-бақша сала бастады. Бұрын

оқып, оқу-білімге қанаттанған жастар ауылы аралас, қойы қоралас орыстың да тілін меңгеріп алды. «Аманбұлақ» ауылынан Қожабек Мысықбаев, Қасымбек Шоқанов, Оразбек-Жәнібек Бектасовтар, Құрмаш Биялаев, Тауырза Қосаев, Абдрахмановтар, Жақиянов, Сапарғали-Молдағали Рымбаевтар, Есбол Жаңабаев, Мұқан Нұрпейісов сияқты жастар жаңа дәуірдің тынысын сезініп, белсенді өмірге араласты. Шуткин, Кужешкин, Коломеецев, Вдовитченко, Гондоренко секілді орыс жастары да қазақшаны өз тіліндей меңгеріп, жаңа дәуірдің лебін сездіріп жүрді. Осылар атақты – Черкасск қорғанысына көмектесіп, алғашқы колхоз ұйымдастырушыларының сапында болды.

1919 жылы көзі ашық жастардың бастауымен Алмалы тауының биігіне Қызыл ту орнатылды. Дегенмен жат пиғылды ел жуандары жаңа өмірге қарсы үгіт жүргізді. «Басында билік болмайды, мал да, жан да, қойындағы қатының да ортаға түседі, жеке үй болып қазан көтермейсің, әйелің көпшілік кедейге ортақ болады» деген азғырындыдан кейін түсінігі саяз адамдар ұжымдастыруға қарсылық білдірді. Қытай шекарасына қарай босқан қалың елдің жолын бөеген жаңашыл жастардың арпалысы басталды. Үстем пиғылды ақтардың, қалың елді зұлымдықтан арашалаудың орнына қанға бөктіруге ұмтылған қызылдардың зұлымдығын жергілікті қазақ аз көрген жоқ. Тұқымы тұздай құрып кеткен қаншама жақсы-жайсаңдарды артында қалған елі ұмыта алмай жүрді. Шұбарағаш-Ойжайлау арқылы Манчжурияны бағытқа алған ақ гвардия, әлі аяғынан тұра алмаған кеңестік үкіметке қайта-қайта соққы берді. Бұларға Лепсідегі арақ-шарап, тері илейтін заводтардың иелері көмектесіп отырды.

Біздің ауыл бұл күндері осындай арпалыс үстінде еді. Аманбұлақтың аяқ жағын он-он бес орыс, он-он бес қазақ отбасылары мекендейтін. Кедейлер комитеті ақылдасып, осы ауылдың шет жағындағы жотадан окоп қазып, бекініс жасалды. Шаруалар кезекпен күзеткен шығып, қолдағы 2-3 шиті мылтықпен, аша-балталармен қаруланып, ақ гвардияшыларға соққы бере бастады. Черкасск биігінің үстінен ұзыннан ұзақ окоп қазылып, кедей шаруалардан құрылған партизан отрядтарының негізгі күші осы жерге шоғырландырылды. Аңызға айналған Черкасск қорғанысында жергілікті қазақтардың үлесі мол болды. Тополевка селосының аралығындағы қырман қағып жүрген біздің ауылдың 5-6 кедейін ақ гвардияшылар өртеп жіберіпті.

Бұл қырыманды күні бүгінге дейін қазақтар «Өртенген қырман», орыстар «Жареный ток» дейді. Осы әңгімені мен көнекөз Нұрмекен Әубәкір, Қасым Артықбек сынды ақсақалдардан естіп едім.

1925 жылдары үстем тап билігі жойылып, кедейлер мойынсерік, қосшы ұйымдастыра бастады. 1928-29 жылдары байлар көмпескеленіп, жер ауды. Азық қорының сарқылып бара жатқандығы сезіліп, 1930 жылдан бастап ел аштық құрсауында қалды. Шаш ал десе бас алатын саяси соқыр өкілдер, белсенділер ең ақырғы дәнін сыпырып алып "өкіметке бермесең - халық жауысың" деп онсыз да үреге иті, сығарға биті болмай отырған қалың елді қан қақсатты. Тағы да өлгені өліп, өлмегені шетел асқан қазақ трагедиясы шарықтау шегіне жетті.

Жылдар өтті, үміт шырағы қайта жан-ды. Колхоз болып жаңадан ұйымдасқан елдің көкейінде ертеңіміз еңселі болар деген сенім ұялады. Ел ыңғайына, жер ыңғайына қарап ауылдық кеңес құрылды. Кедейлер комитеті жұмыс істей бастады. Барлық құрал-сайман, күш-көлік бір орталыққа жиналып, кооператив құрылды. Совет өкіметіне мықтап сенген көпшілік кедейлер бұдан да жаманымызда күн көргенбіз деп қиыншылыққа төзе білді. Міне, осындай күрделі де қиын кезеңде жаңалықты қалың елге түсіндіретін алғашқы революционерлер қалыптасты. Кедей топтар әліппені жаңа бастаған мектепке жаңа барған балалар сияқты еді. Елді, жерді шын мәніндегі иелеріне - шаруаларға тапсыру осылай бастау алды. Орыс байларының Старушкин деген алаяқ, қу, мейірімсіз орман қорушысы болды. Қазақтар мұны Қушекпен немесе Бөлешөп деп атайтын. Бір бұрау ағаш үшін қазақтарды зар жылатқан адам сол жылдары қарғыс арқалап жүрді. Бірде Салмақбай деген кедей жігіт бір сырғауылды сүйретіп келе жатады. Жолда жолыққан Старушкин "Ей, Салмақбай, мынаны қайда апарасың?" деп ұстап алып жазаламақшы болады. Салмақбай болса "бір жеркепе салайын деп едім, мына жетегімдегі атымды ал да, ағашқа таңба басып, босат" дейді. Ананың ойда жоқта көңілі босап, кедейдің жетегіндегі атын олжалап, ағашқа таңбаны өзін бас деп балғасын беріпті. Талай жылдан бері зорлығын көріп, зұлымдығына куә болып жүрген Салмақбай Старушкинді өз балғасымен маңайдан бір періп сұлатып, арғы бетке өтіп кетеді. Кейіннен 1956 жылы Қытайдан елге оралғанда екеуінің балалары "Семиречье" колхозында кездесіп, ескі өшпенділікті қоздатқанын жерлестеріміз біледі. "Есіктен кіріп төр менікі" деген басқыншы пиғылдары айналасынан жазасын тартып жүрді.

Біздің ауылды алғашында "Бірлікшіл" ауыл советі деп атады. Ауыл совет бастығы болып Ысқақ Бабышев, кедейлер комитетінің бастығы болып Әміртемір Әлібасов сайланды. Осы кедейлердің ішінен тасы өрге домалағаны қырғыз Ыдырыс еді. Бұл жігіттің ата-бабалары ертеде жерінен ауып келіп, осы өңірге сіңісіп кеткен. Бұл жігітке төренің бір түйесі мен арбасы және жас жесірі тиді. 1 сиыр, 5 қой-ешкі берілді. Ыдырыстың совет өкіметіне деген ризашылығы шексіз

еді. Қолдағы малын өз төлі есебінен өрбітіп, өз күнін өзі көретін отбасылардың қатарында тұрды.

Өмірдің небір қиындығын көрген 60 үйлі кедей отбасы еңбектің қандайынан болса да тайынбады. Еркіндігін алған соң қарға аунаған түлкідей жайнап шыға келді. Колхоз ұйымдастырудың алғашқы қадамы ауыр болды. Бай-кулактардан қалған саймандар жинала бастады. Олардың далада қалған, қырманда қалған соқа-тырмалары бір орталыққа жинала бастады. Қылышын сүйретіп қыс келе жатты. Ішкі Ресейден, орталық Қазақстаннан басталған аштық құрсауын кеңінен жайды. Аштық аязға қосылып, етек-жеңін жия алмаған ауылға алапат соққы берді. Бұған дейін жер еміп, егін жинап, қор құра алмаған қалың елдің көктемге жетуі мұң болды. Мұның үстіне шұбартаулықтармыз деп күнкөріс іздеп келген қазақтар өздері әзер күн көріп отырған елге салмақ салды. Олар тау бөктеріндегі 3 елді мекенге бөлініп қоныстанды да, далбастап күн көруге кірісті. Амалсыздан колхоз ұйымдастыру науқаны тоқтап қалды. Әр елді мекенде тұқымға деп сақталған астық қорын талшықтап пайдалануға рұқсат берілді. Бала-шағаларын шұбыртқан қалың ел талапайлап жеп бітірген соң аштықтың ауыз азабын бастан кешті. Ал мұндағы орыстар ауласында бау-бақшалығы болған соң бұл зұлматқа ұшыраған жоқ. Шөп-шалам жесе де жергілікті халықтың еңсесі биік болды.

Келесі жыл ел аштан өле бастады. Қысы-жазы даланы кезіп, қырман тырмалап, уыстап дән жинағанымен, бүгінгіне талшық табылғанымен, ертеңін күдік жайлады. Көмусіз қалған, бала-шағасымен үйде қырылып қалған көптің қайғысын жан-жаққа жел ғана жеткізіп жатты. Аштықпен қоса аурудың неше түрі қоздап, өлім-жітім төңіректі шыр айналдырды.

Өлім мен өмірдің күресі ақыры өмірдің жеңісімен аяқталды. Күн жылына, көктем туа адамдар бар күшін, ақылын келешек үшін жұмсады. Жазғасалым күнгейге шығатын ботатабанның түбін қазып жейді. Қып-қызыл болып гүлдейтін шундықтың түбірін жейді. Тарғыл жуаны теріп әкеліп, айранға турап немесе қуырып жейді. Рауаш, саумалдық, жабайы алма, жидектердің барлығы өлмеген жанға азық болды. Далбасалап өмір өзегі үзілмеді. Алдымен бала-шағаның көз жасы тиылып қарны тоймаса әке-шешесі, ата-әжесі аштан арам қатса да аузына ас алмайды. Өлдеқалай қолға көртошке түсе қалса шып-шырғасын шығармай қабығымен жеп қояды. Арам өлген малдың сүйегін теріп, оны шағып, суға қайнатып, сорпасына қолға түскен кебектерді үгіп, көже жасап ішеді. Бір үйде бір сиыр болса соның сүтін он үйдің баласы бөліп ішеді. "Өлмеген жанға айла бар" деген осы.

Елдің жатса-тұрса ойлайтыны жаңа өмір, жаңа дәуір, жаңа заман. Егер осы аштықтан аман-есен құтылса, қолға есе тисе осы аштықты өмір бақи болмастай етіп келмеске жіберер едік-ау деп армандайды олар. Шықпаған қу жанын аузына тістеп жүріп қайыр тілеген адамдар сол жылдары көбейіп кетті. Мойындағы дорбасы да қырық жамуа, аяғындағы шарығы да шоқпыт-шоқпыт, сақал-мұрты алынбаған, жуынбаған кір-қожалақ қайыршылар құдайға да, адамға да жалбарынып жол бермейді. Олардың қолына түскеннің бәрі азық, тамақтан өткеннің бәрі адал. Жолға шықсаң бір ауылдан келесі ауылға жете алмай жолшыбай өліп жатқан адамдарды көресің. Көпшілігі бір кездері малына сенген осы өңірдің тұрғындары. Ойпаң-топалаңда алдымен малдан айырылып, сонан соң жаннан айырылып, соқа басы қалғандар көп. Қиын кезеңді бастан өткергендер кейіннен колхозға кіргенде, еңбектің қадірін білді. Адамды адам жасайтын еңбек екендігін өмір бақи ұмытпайтын болды.

Қалың ел зұлмат аштықпен арпалысып жүргенде жоғарғы жақтан көмек келе бастады. Ең алдымен мал жемдеу үшін жымық, дәні қабығымен аралас шекілдеуік сынды ұсақ жем келді. Мұны отбасы мүшелерінің санына қарай бөліп бере бастады. Осыны уатып, қуырып,



қабығымен ұндап жейміз. Бұл кәдімгі майлы тамақ бола бастады. Сұлы-арпа дәндері жеткізіліп, бөліп беріле бастаған соң ел есін жинады. Осындай аштық сынды тілсіз жауға қарсы қарусыз шығып жеңе білген ата-бабаларын келешек ұрпақ естен шығармаса дейміз.

Енді сай-салаға күнкөріс іздеп бытырап кеткендер қайтадан бір жерге жинала бастады. Елдің есі кіріп етегі жабылды. Қырық рудан құралған қарасирақ кедейлер орыс, қазақ, қалмақ, қырғыз, Шұбартау, Матай, Садыр деп бөлінбей, туысқан адамдай бірімен-бірі құда-жежжат болып, қыз беріп, қыз алысып, маңдай терінің өтеуін көруге ұмтылды.

Адам жылқы мінездемесі дейді. Аяғын алып жүре алмаған көтерем жылқыны күтіп, бағып жемдесең қонданып алған соң кісінеп ойнақ салады. Біздің ауылдың кедей-кепшіктері бұрынғы сүреңсіз күндерді ұмытты. Ішінде беріш болып қатып қалған аштық деген пәленің зардабын кейінгілердің көрмегеніне іштей қуанышты. 1933-34 жылдары аудан орталығынан комиссия шығып, жер жағдайына қарай біздің өңірде "Қызыл әскер", "Ворошилов", "Партизан", "Новая жизнь", "Красный Путилович" атты 5 колхоз құрылды.

Ендігі әңгімені Аманбұлақ бойындағы "Қызыл әскер" колхозынан бастаймыз. Бір ай бұрын хабарландырылып, ер-әйелдерді жиналысқа шақырды. Колхоз мүшелерінің бірде-біреуінің қатысуынсыз колхоз мәселесі шешілмейтіндігін естіп білді. Ерінің бетіне тура қарамайтын әйелдер тең праволы болды. Дегенмен сол кездегі ағайынның аңғалдығы көпке дейін елдің аузындағы күлдіргі әңгімелерге арқау болып жүрді.

Менің нағашым Сапарғали осындай әңгімелерге үйір болатын. Бірде қара құнажынын жайдақ мініп, кешкі апақсапақта бір шүйе ағайыны жоқ іздеп келіпті. Алыс жолдан шаршап-терлеп келген қара құнажынның үстіне тер қатар деп үстіндегі тонын шешіп жауып, есік алдындағы қазыққа мықтап байлап үйге енген қонақ жайғасып отырып атала көже мен ақ шайға қаныпты. Жарықтық терлеп-тепшіп, көңілі жайланған соң сол үйдің балаларына "Қарағым, ана қара құнажынның үстіндегі қара тонды алып келіндер, ол да жөндеп дем алсын" дейді. Таң сібірлеп атқанда сыртқа шықса қара құнажын суықтан арам қатып өліпті. Ақкөңіл шал малын жоқтап жылағанымен кеткені келе ме?

Алғашқы қоныс аударып келгендердің ішінен бір аңғалдау біреуі талқанмен араластырып пісірілген көртошкені жеп өбден тойып алған соң "Бұл жердің малының майы жүрекке тимейді екен" депті. Сөйтсе әңгімешіл жігіт бұрын картотоп деген дақылды көрмесе керек.

Колхоздасу тақырыбын көтерген алғашқы жиынды басқарушы Жәнібек Бектасов колхозға мүше болатын адамдардың тізімін жасады. Олар шама-шарқынша кіріс жарнасын төледі. Мүмкіндігі жоқтар қарызға жазылды. Алғашқы болып колхозға кірген Сапарғали Рымбаев, Ерібай Тойбаев, Сапар Демесінов, Мұқан Нұрпейісов, Данабек Жақсылықов, Тауырза Қосаев,

Тимофей Коломеев, Тимофей Гондаренко, В.Шуткин, В.Вдовиченко жаңа колхоздың алғашқы іргетасын қалады. Әйел жолдастардан Айман апай, менің шешем Қазиза, Ману, Нұрилә, Рыстыбала жазылған соң колхозға кірушілердің саны артты. Осымен 60 үйлі Аманбұлақтың кедейлері түгел тізімге жазылып, колхоз мүшесі болып бірауыздан қабылданды.

Күні кеше көмпеске кезінде енші алып қалған қырғыз Ыдырыс колхозға кештеу енді. Екі ұлы әскерге алынып, Орысбай деген ұлы кеңес армиясының офицері болып Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапты. Ыдекеңнің өзі тоқсан жасқа келіп дүние салды. Қазір оның ұрпақтары әр салада еңбек етіп жүр.

Серікбай ақсақалдың колхозға мүше болуының өзі бір тарих. Секеңнің Қамила деген азулы кемпірі бар еді. Біздер оны Дәу апа дейтінбіз. Бұлардың тетелес 3 ұлы еңбекке жарап қалған. Сол Дәу апамыз ел колхозға мүше боламыз деп дүрлігіп жүргенде аудан орталығындағы бір пысықтау танысының үйіне келеді. Ойы колхоздасу жағдайынан сыр тарту. Керегедегі сағат тықылына құлақ түрсе ол "колхоз-совхоз", "колхоз-совхоз" деп тықылдап тұрған сияқты болып естіледі. "Мына кішкене темірдің де тықылдап тұрғаны мынау, тегінде колхозға мүше болмай болмайды екен" деп апайымыз естіп, білгенін айтып, Құмарбек, Қажыхан, Әсілхандеген ұлдарын ертіп келіп колхозға мүше болыпты. Осы 3 ұлының үшеуі де Ұлы Отан соғысына қатысты. Қажыхан мен Әсілханы ерлікпен майдан даласында қазақ тапты. Үлкені Құмарбек есен-сау оларып, өмірінің соңына дейін колхоздың алдыңғы қатарлы малшыларының бірі болды. Қазір бұлардың ұрпақтары ойдағыдай еңбек етіп, әкесінің еңбек жолын одан әрі жалғастыруда.

Жиналыста ауданнан келген өкілдердің бірі Қожабек Мысықбаев сөз алып, колхоздың басқарма мүшелерін сайлауға ұсыныс береді. Колхоз 3 бригадаға бөлінетіндіктен бригадирлерді сайлау, колхоздың есепшісін, хатшы-кассирін сайлау, тексеру комиссиясын құру осы жалпы жиналыста шешілетін болады. Осыған сайланған белсенділердің барлығы колхоздың көпшілік мәжілісінде өздеріне сеніп тапсырылған қызметті қалай атқарып жүргендігі туралы жылына екі рет есеп беруге міндеттеледі. Аудандық өкілдер атынан сөз алған Қасымбек Шоқанов күн тәртібіндегі мәселе туралы көпшілік өз пікірлерін айтсын деген ұсыныс енгізді.

Ең бірінші сөзді Сапар Демесінов алып, төменгі ауыл бірінші бригада, ортаңғы ауыл екінші бригада, жоғарғы ауыл үшінші бригада болып құрылуына ұсынысын айтты. Қызыл әскер колхозы осы үш бригада құрамынан құрылды. Әр бригадаға 20 үйден бөлініп берілді. Колхоздың алғашқы басқармасы болып қазақша-орысша таза сөйлейтін, хат танитын Есбол Жаңабаев сайланды. Қажы колхоз есепшісі, Сегізбай Доғаманов хатшы-кассир болып сайланды. М.Рымбаев, Е.Тойбаев, Б.Асылбаев аталған 3 бригаданың бригадирі, І.Сәментаев, Қ.Тәтембеков, Б.Асқарбеков есепшілері болып сайланды. Мал бригадирі болып Қайырбек

Жиынбаев, тексеру комиссиясының төрағасы болып А.Жақиянов бекітілді. Сонымен 11 адам осы колхоздың алғашқы белсенділері болып табылды. Бірлікші ауыл советінің төрағасы Ысқақ Бабышев, хатшысы Есімбек Абдрахманов, кооператив сатушысы Серғазы Жанахметов, мал санитары Оразбек Бектасов, Тополевқадағы селпоның бастығы болып Қасымбек Шоқанов сайланды. 4 колхоздың мал фельдшері Будько деген кісі болды. Ол малды да, адамдарды да емдеп, әйелдерді де босандырды. Жалпы жұмысқа жарамды 16-60 жас аралығындағы 150 адамдай колхоз мүшесі еңбекке жұмылды. Салт атты шабармандар басқарманың бұйрығын жан-жаққа жеткізумен шұғылданды. Алғашқы себетін тұқымды аудан өкімет арқылы қарызға беретін болды.

Колхоз құрамындағы бірінші бригаданың жұмысқа жарамды 51 адамы болды. Оның 20-сы әйел, 11-і салт басты жігіттер. Үлкенді-кішілі 2 пар өгіз, оншақты жылқы, 2 соқа, 2 тырма, 20-25 темір күрек, оншақты темір аша, 3 малатас, 1 шөп машинасы, оншақты қол шалғы біздің бригаданың күш көлігі болатын. Атқарылатын жұмыстың барлығы қол күшімен істелді. Бүкіл колхоз бойынша 2 ұста бар. Бірі Арқадан келген Тоқсанбай шалдың баласы Сейітжан, екіншісі жергілікті Дүйсенбек. Екеуінің де қол көрігі бар, төс-балғасы бар. Бұл саймандар ұсақ-түйек зергерлік бұйымдарды жасауға арналған. Міне осы қарапайым ұста құралдары колхоздың темір-терсегін жөндеуге керемет көмегін тигізді. Ал енді ағаш ұсталығы жағынан Алексей Золин мен ерші Ескендір Досжанұлы үлгі болды. "Ершіден ұл туса, ағашқа күн туады" деген мақал бар. Бұл кісі "Егер қолымда керек сайманым болса ағаштан аэроплан жасар едім" деп мақтанатын.

Бригаданың алғашқы жоспары былайша өрнектеліпті. Әр соқа күніне бір гектер жер жырту керек. Әр адам 10-15 сотық жерді темір күрекпен басып ою керек. Жоспар орындалса бір еңбек күн жазылады. Орындалмаса 0,50 сотық, 0,25 сотық деп жазылады. Осы сияқты барлық жұмыс алдын-ала жоспарланады.

Тұқым себетін адам орыс байларының баяғы жалшысы Сапарғали Рымбаев. Біздің ауыл бір түйір дәнді ардақтап, мөпелеп пайдаланады. Кешегі аштық зардабы ешқашан ұмытылмақ емес. Сондай-ақ күрекпен ойылған, жыртылған жерлерді майдалап, бейне бір жер үстіне құс төсек төсегендей ардақтап ұстайды. Жерді аяқпен басып оятындардың көпшілігі әйел жолдастар. Қаз-қатар тұра қалып күректі басады да, еңбекті әнмен өрнектеп, өлең бастайды. Екі жақ болып айтысады, екі ауыз өлең құрап айтапайтын қазақ баласы болмайды. Әйтеуір шаршағанды білдірмей көңіл көтереді. Сырттан қараған адам бұларды кеше ғана жұттан шыққан деп ойламайды. Осы бір қиын да, қызық жұмысқа адал ниетімен қайратын аямай жұмсағандар кейіннен расында да маңдай тердің өтеуін көрді.

Көктем егісі басталып кеткен кез. Ол кезде сағат деген болмайды, таңның атысы, күннің батысы қайнаған қарқынды еңбек өріс алады. Таңертен, түсте, кешке ішетіндері баяғы қатықсыз қара көже. Ақ шаймен жүрек жалғап, қарын қампайтса болды. Ол кезде талғап ішетін тамақтың түрлері жоқ қой. Соқаның шикылы, соқашылардың айғайы, жас әйелдердің салған әні, бозторғайдың шырылы, бәрі-бәрі қосылып, үнсіз меңірейіп жатқан далаға жан беріп, сән беріп, ән беріп, кең даланы түрлендіріп, гүлдендіріп жібереді.

Көктемгі егіс қарсаңында соқа-сайман шөп машиналарын Михаил Баевшев, Т.Гондаренко, И.Шуткин сияқты еңбекқор жандар жөндейтін. Қамыт-саймандарды Тауырза Қосаев, Рақым Жақсылықов сынды шеберлеріміз қалпына келтіретін. Елдің жыртылған аяқ киімін жамап, жасқап беретін баяғы қырғыз Ыдырыс. Әрқайсысы істеген еңбектеріне дән риза, қабақ шытып көрмеген жандар еді.

(Жалғасы бар).

**2025 жыл – қазақ музыка-
мадениеті үшін айрықша
мерейтойлық кезең. Биыл
қазақ музыкасының бай
мұрасын алғаш ғылыми жүйеге
түсіріп, нотаға түсіріп, әлемге
танытқан әйгілі «1000 песен
и кюев казахского народа»
жинағының жарық көргеніне
100 жыл толып отыр. Бұл
еңбек композитор, этнограф,
қазақ музыкасының үлкен
жанашыры Александр Вик-
торович Затаевичтің ұлттық
өнерімізге сіңірген өлшеусіз
еңбегінің айғағы. Қазақ
халқы ежелден әнге бай ел.
Ғалым Г.Потаниннің: «Маған
бүкіл қазақ даласы ән салып
тұрғандай болып көрінеді» деуі
осының дәлелі. Қазақ өнерін
зерттеген ол қазақтың бол-
мысын дәл сипаттап кеткен
тұлғалардың бірі.**

Александр Затаевич 1869 жылы Орёл облысының Болхов қаласында дүниеге келген. Музыкалық білімін әскери гимназияда алып, түрлі халықтардың фольклорын зерттеумен айналысты. Қазақ музыкасы оған 1920 жылдары Орынборға келген кезде алғаш естілген. Осы уақыттан бастап ол өмірін қазақтың ән-күйін жинауға арнады. Ел аралап, ауылдар мен тойларда болып, әншілер, жыраулар, тіпті интернат оқушыларынан да әуендер жазып алды. Халық арасында оның музыкалық фразаны естіген бойда дәл нотамен түсіретіні туралы аңыздар тараған. Затаевичтің еңбегіне мемлекет тарапынан да қолдау көрсетілді. 1925



Қазақтың 1000 әні мен күйі қалай жинақталды

жылы Сәкен Сейфуллин Совнарком төрағасы ретінде оның экспедициясына арнайы қаржы бөліріп, шығармасын редакциялауға қосымша қаражат қарастырған. Сонымен қатар Сейфуллин өз кабинетінде отырып Затаевичке екі күй мен төрт ән орындағаны туралы дерек бар. Бұл – қазақ музыкасына деген тұтас буынның жанашырлығын танытады. Затаевич көптеген халық өнерпаздарының есімін ғылыми айналымға енгізді.

• Қаныш Сәтбаев – 20-ға жуық ән

жаздырған;

- Ахмет Байтұрсынұлы – жиырмаға жуық ән атауын ұсынған;
- Абайдың 12 әні антологияға енген;
- Әміре Қашаубайұлын Парижге жіберуге ұсыныс жасаған да – Затаевич.

1923 жылы Мәскеу политехникалық институтында өткен қазақ музыкасының кешінде «Балқадіша», «Қорлан», «Ақкүміс», «Маңмаңгер», «Екі жирен» сияқты әндер алғаш рет үлкен сахнада орындалып, қазақ музыкасының

халықаралық деңгейде танылуына жол ашты.

Затаевич алғаш рет Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Құрманғазы, Мұхит, Дәулеткерей, Тәттімбет шығармаларын жинақтап, ғылыми түрде жариялады. Негізгі еңбектері:

- «Қазақ халқының 1000 әні» (1925)
- «Қазақтың 500 ән-күйі» (1931)

Бұл еңбектер қазақтың дәстүрлі музыкасын сақтап қана қоймай, оны болашақ ұрпаққа жеткізудің берік негізіне айналды. «Мен інжу-маржан іздеушімін» деген Затаевич расында қазақтың рухани мұрасынан мыңдаған інжу тапты. Оның бастамасын кейін Б. Ерзакович, Е. Брусиловский, А. Жұбанов, Л. Хамиди, Мұқан Төлебаев сынды тұлғалар жалғастырып, қазақ ән-күйлерін нотаға түсіріп, оркестрге лайықтады, ғылыми айналымға енгізді. 21 қараша 2025 жылы Мемориалдық музейде №54 мектеп оқушыларына арналған «Қазақтың 1000 әні мен күйі қалай жинақталды» атты тақырыптық экскурсия өтті. Мақсаты – жас буынға қазақ музыкасының тарихын, Затаевичтің еңбегін және оның Мұқан Төлебаев шығармашылығымен байланысын таныстыру. Оқушылар қазақ музыкасының әлемге таралуындағы Затаевичтің рөлін терең түсініп қайтты.

А.В. Затаевичтің ғұмыры мен еңбегі – қазақ өнерінің мәңгілік шырағы. Оның жинаған мұрасы ұлттық рухани қазынамыздың негізгі тіректерінің бірі болып қала береді. Биыл 100 жылдығын атап өтіп отырған «Қазақ халқының 1000 әні» – ұлттық музыка тарихындағы ерен еңбек, ал оның авторы – қазақ мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлға.

**А.ЖУМАТАЕВА,
Мұқан Төлебаевтың музей
менгерушісі.**

• **Орақты Әлшағырұлы - 605 жыл**

Есімі елінің есінде

Орақты Әлшағырұлы – XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген, қазақтың атақты батырларының бірі. Ол өз заманында елін жоңғар шапқыншылығынан, кейін Ресей отаршылдығының күшею кезеңінде түрлі басқыншылықтардан қорғап, әділдігімен, батырлығымен ел есінде қалған.

Орақты батыр шамамен XVIII ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген. Ол Арғын тайпасының белгілі әулеттерінің бірінен шыққан, тегі байырғы жауынгерлер мен билерден тарайтын тұқым. Әкесі Әлшағыр өз ортасында беделді, сөзі өтімді, ел ішінің дау-дамайын әділ шешкен адам болған. Сол себепті Орақты жастайынан әділдікке, батылдыққа, елдікке тәрбиеленіп өседі.

Жас кезінде-ақ ол ат құлағында ойнайтын шеберлігімен, жауға шапқанда ештеңеден таймайтын жүректілігімен көзге түскен. Ел ішіндегі аңыз-деректерде оның бойы биік, қайратты, найзагерлігі ерекше болғаны айтылады.

Орақты батыр есімі жоңғарлармен болған соңғы қақтығыстарда аталады. Қазақ қолы әр аймақта шашыраңқы шайқасып жүрген кезеңде, Орақты бірнеше рет сарбаз жинап, ауылдарды қорғауға шыққан. Оның ұйымдастыруымен жасақтар шапқыншылардың тосын шабуылдарына тойтарыс беріп отырған.

Жоңғар қаупі басылғаннан кейін, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында түрлі ұрыстар мен қарақшылардың шабуылдары

жиілеген. Орақты батыр осындай қауіп төнген кезеңдерде шекаралық ауылдарды қорғауда ерекше көзге түсті. Оның батырлығы мен әділдігіне ел сүйсініп, даулы мәселелердің де төрелігін жиі оған жүгініп шештірген.

Орақты Әлшағырұлы тек қылыш асынып жауға шапқан батыр ғана емес, ел ішіндегі татулықты сақтауға күш салған тұлға болған. Халық арасында оның: “Ел бірлігі – ер тірегі” деген сөзі сақталған. Қандай да бір ру арасындағы алауыздық болса, Орақты араға түсіп, созылмалы дауды тоқтатып отырған.

Аңыз-әңгімелерде Орақты батырдың жаудың бетін жалғыз өзі қайтарғаны, қорғансыз ауылдарды шапқыншылардан аман алып қалғаны, ауыр жарақат алса да, шайқастан шегінбегені сияқты ерліктері баяндалады.

Ел арасындағы әңгімелерде оның жауға найзасымен шапқандағы қаһарына ешкім шыдай алмағаны жиі айтылады.

Орақты Әлшағырұлы қазақ қоғамында ар-намысты бірінші орынға қоятын, елдің тыныштығы үшін жанын беруге дайын тұлға ретінде танылған. Оның есімі: батырлар шежіресінде, ел аузындағы қамқор ерлер қатарында, Арғын руларының тарихында маңызды орын алады.

Батыр шамамен XIX ғасырдың алғашқы жартысында, жасы жетіп дүниеден өткені айтылады. Ол туған өлкесінде жерленген, қабірі айналасындағы жұртқа белгілі тарихи орын саналады.

Ақтұманын азаматы

2025 жыл Қазақстанда Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланды — бұл елдің дамуына қолымен үлес қосып, еңбегімен өркендеу негізін қалаған қарапайым еңбек адамдарына ерекше назар аударылатын кезең. Әсіресе дәл осы жылы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық өсуінің тірегі болып отырған ауыл еңбеккерлерінің өмір жолдары айрықша мәнге ие. Сол тындырымды еңбек адамдарының бірі — Жетісу облысы, Сарқан ауданының Ақтұма ауылының тұрғыны Сәбит Асылбеков.

Алпыс жылға жуық өмірі туған ауылымен тығыз байланысты: осында өсіп, өз жолын тауып, отбасын құрып, мықты шаруа қожалығын қалыптастырды. Бүгінде ол бидай, соя және күнбағыс өсірумен табысты айналысып, ауыл шаруашылығын заманауи негізде дамытып келеді. Тиімді техника мен озық технологияларды енгізу арқылы тұрақты нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Оның еңбегі ауыл тұрғындарының Қазақстанның азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі шешуші рөлін айқын көрсетеді.

Сәбиттің өмір жолы — қиындықтарды еңсеріп, ешқашан мойымаған адамның жолы. 1990-жылдардың ауыр кезеңінде көпшілік жақсы өмір іздеп ауылдан көшіп жатқанда, ол туған жерінде қалды. Ауыр уақыттарды ауылдастарымен бірге өткеріп, шаруашылығын сақтап қалды және тәуелсіз, еңселі, жағдайы жақсы азамат дәрежесіне жетті. Оның тағдыры дәлелдейді: Қазақстанның болашағы туған жеріне, кәсібіне адал адамдардың қолында.

Сәбиттің өміріндегі ең маңызды орындардың бірі — отбасы. Жұбайы көп жылдар бойы мектепте жұмыс істеп, ауыл балаларының білім алуына үлес қосып келеді. Ерлі-зайыптылар төрт бала тәрбиеледі — екі ұл және екі қыз, барлығы жоғары білім алды; кенже қызы жоғары оқу орнында білімін жалғастыруда. Немерелері өсіп келеді, оларға Сәбит өмірдің басты құндылықтарын үйретуде: еңбекті құрметтеу, адалдық, жауапкершілік және туған жерге деген сүйіспеншілік.

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында Сәбит Асылбековтің өмір жолы ерекше маңызға ие. Бұл оқиға ауыл еңбеккерінің еңбегі — жай ғана жұмыс емес, елдің дамуына, экономикалық тұрақтылығына, мәдениеті мен болашағына қосылған зор үлес екенін көрсетеді. Мұндай жандар — өз жерінің нағыз патриоттары, олардың арқасында Қазақстан нығайып, өркендеп келеді.

Сәбит Асылбековті шыдамдылықтың, еңбекқорлықтың және өз ісіне берілгендіктің жарқын үлгісі деуге толық негіз бар. Оның өмірі — туған жеріне және өз кәсібіне адал бола отырып, құрметке, жеткілікті тұрмысқа және лайықты бағалауға қол жеткізуге болатынын дәлелдейтін айқын мысал. Оның өмір жолы — Отанға деген сүйіспеншіліктің, мінез қуатының және туған өлкені шынайы сүюдің символы.

Гүлжахан ДУКАНҚЫЗЫ.



Пациент құқығы:

2026 ЖЫЛЫ МӘМС КІМДЕР ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

Желтоқсанда Ақмола облысы мен Астана қаласында әлеуметтік тұрғыдан осал D және E санатындағы азаматтарды әкімдіктердің жарналары есебінен қамту бойынша пилоттық жоба өткізу жоспарланып отыр. МӘМС туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес бұл механизм жаңа жылдан бастап ел бойынша іске қосылмақ.

Белгілі болғандай, қазақстандықтардың шамамен 60%-ы МӘМС жүйесінде жеңілдік санатына кіреді, яғни олар үшін жарнаны мемлекет төлейді (мысалы, зейнеткерлер, балалар, студенттер, жүкті әйелдер, мүгедектері бар жан-дар, ресми тіркелген жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар және басқалар).

Қазір Қазақстанда 3,5 миллионға жуық адам (халықтың 17,9%-ы) МӘМС жүйесіне қатыспайды. Олардың шама-

мен 1 миллионын әлеуметтік әл-ауқаты дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейде деп танылғандар құрайды.

2025 жылдың 14 шілдесінде қабылданған заң аясында Президент жергілікті атқарушы органдарға тұрғындарды медициналық сақтандырумен қамту жұмысын күшейтуді және медициналық көмекке жүгінген, жұмыс істемейтін, табысы төмен азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлеуді тапсырды.

«Әкімдіктер жарнаны D және E санатындағы барлық адамдар үшін емес, нақты МӘМС аясында медициналық қызмет алған азаматтар үшін төлейді. Механизмді мысалмен түсіндірейін. Цифрлық отбасылық карта деректері бойынша, Астанада бұл санаттарға 26 065 адам кіреді. 2026 жылдың басынан бастап оларға МӘМС шеңберінде медициналық көмек алу құқығы беріледі. Ал егер қаңтар

айында олардың 5 245-іне медициналық көмек көрсетілсе, онда келесі айдан – яғни ақпаннан бастап және жыл соңына дейін Астана қаласының бюджеті осы 5 245 адам үшін жарналарды аударады. Дәл осындай тәртіппен наурыз айында ақпанда МӘМС бойынша медициналық көмекке жүгінген D және E санатындағы тұлғалар үшін төлем жасалады», – деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Тәжібаева.

Аталған механизмнің техникалық іске асырылуына арналған пилоттық жоба биылғы жылдың желтоқсанында Ақмола облысының және Астана қаласының әкімдіктерімен бірге жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Қорда ресми тіркелген жұмыссыздар үшін МӘМС жарналарының төлену тәртібі өзгеретіні атап өтілді: қазір бұл жарналарды республикалық бюджет

төлейді, ал 2026 жылдың басынан бастап оларды жергілікті атқарушы органдар төлеуге міндетті. Тек субсидияланатын жұмысқа орналасқан немесе жұмыс берушіде оқып жүрген адамдар бұдан тыс қалады.

«Бұл шешім өңірлерге жұмыс орындарын көбірек ашуға, азаматтарға жұмыс табуға көмек көрсетуге, кедейлікті азайтуға және жұмыссыздарды неғұрлым дәл есепке алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қиын жағдайға тап болған отбасылардың тұрмысын жақсартуға сеп болады. Нәтижесінде осал топтар медициналық көмекке қолжетімділігін сақтайды, ал 2026 жылы МӘМС жүйесіне шамамен 45,3 млрд теңге түседі, оның 30,4 млрд теңгесі – әлеуметтік осал азаматтар, 15 млрд теңгесі – жұмыссыздар үшін аударылатын жарналар. Бұл өз кезегінде сапалы медициналық қызметті пайдаланатын адамдар санын арттырады», – деп атап өтті Сәуле Тәжібаева.

Жарна мөлшері өңірдегі орташа жалақыға сүйене отырып, басқа жеңілдік санаттары үшін қолданылатын ережелерге сәйкес есептеледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.



Тұмаудың алдын алу

Тұмау және басқа да жіті респираторлық вирустық жұқпа - адам өмірінде бірнеше рет кездестіретін жұқпалы вирустық сырқаттанушылық.

Бұл сырқаттанушылықпен адамдар жиі көктем, күз, қыс кезінде ауыратыны, осы уақытта ауа райының салқындығынан және күн сәулесі, дәрумен жетіспеушілігінен адам ағзасының иммунитеті төмендеуіне байланысты. Жіті респираторлық вирустық жұқпаның маусымдылық кезеңі күз мезгілінің соңғы айынан басталып, жоғары сырқаттанушылықтың ең көп тіркелуі қаңтар – ақпан айларына келеді.

Жұқпа көзі - ауру адам, әсіресе сырқаттанғаннан бастап алғашқы 2-3 күндері айналасындағыларға қауіпті. Жұқпаның жасырын кезеңі орташа алғанда 3 күнге дейін. Тұмаудың барлық вирустары адамнан адамға ауа – тамшы жолы арқылы (түшкіргенде және жөтелгенде) беріледі.

Аурудың көріністері жұқтырғаннан кейінгі бірнеше сағаттан 3 күнге дейін созылады. Тұмауға жіті басталу көрінісі тән: дене қызуының көтерілуі (39-40°C дейін), әлсіздік, қалтырау, бұлшық еттері мен басының ауруы. Адамның беті, көзі қызарады (конъюнктивит, склерит), нәтижесінде мұрыннан су ағып, тамағы ауырып, құрғақ жөтел басталады. Кейбір жағдайда ішек бұзылысы болуы мүмкін. Егер тұмау асқынусыз өтсе ауру 5-7 күнде аяқталады, бірақ 2-3 аптаға дейін бұлшық еттің ауруы, бас ауруы, әлсіздік сақталуы мүмкін. Тұмаудың ауыр жағдайында құрысу, естен тану, мұрыннан қан кетуі мүмкін. Осындай көрініс науқасты өлім жағдайына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Жалпы жіті респираторлық вирустық жұқпаның емі дәрігердің қадағалауымен үй жағдайында жүргізіледі. Ауруханаға тек асқынған ауыр жағдайларды жолдайды. Науқас міндетті түрде төсек режимін қатаң сақтап және көп мөлшерде сұйықтық (жылы шәй, морс, кампот) ішу қажет. Жоғары дене қызуы кезінде ыстық түсіретін, әсіресе қажет жағдайда тұмау және жөтелге қарсы дәрілік заттарды пайдалану керек. Жіті респираторлық вирустық жұқпаның алдын алу үшін науқасты міндетті түрде қоршаған ортадан оқшаулау, тамақ ішетін арнайы ыдыс бөлу қажет.

Бірақ тұмау жұқпасына қарсы ең жоғары нәтижелі тиімді шара бұл – тұмауға қарсы иммундау. Жұқпаның жоғарылау кезеңінде тұмаудың алдын алуының ең қолайлы, кең таралған, қолжетімді түрі – тыныс алу жолдарын қорғау үшін қолданылатын бетперде. Жіті респираторлық вирустық жұқпаның және тұмаудың алдын алу үшін мүмкіндігінше халық тығыз орналасқан және жаппай шаралар ұйымдастырған жерлерге баруды шектеу.

Қолды жиі сабынмен жуу қажет, түшкірген және жөтелген кезде ауызды немесе мұрынды бет орамалмен жабу керек.

Сырқаттануды емдегеннен көрі алдын-алу анағұрлым жеңілдірек екенін естен шығармаңыз!

Г.ОСПАНОВА,
Сарқан аудандық СЗББ бас маманы.

•101 ескертеді

Ақаусыз пеш - қауіпсіздік кепілі

Жылыту маусымы басталған кезде электр жылыту құралдары мен пештердің ақаулығы немесе оларды орнату және пайдаланудағы өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушылық салдарынан орын алатын өрттердің саны күрт өседі. Қатты аязда пешті қатты қыздырғаннан гөрі екі рет жаққан дұрыс. Пешті қараусыз қалдыруға және оларды қадағалауды балаларға тапсыруға болмайды.

Ағаш құрылымдар мен пеш бөліктері (арқалықтар, бөгеттер мен едендер, төбелер және басқа да жанғыш материалдар) кесу қабырғаларымен байланыста өртенуі мүмкін. Пеш пен ағаш қабырға немесе бөлім арасында оларға жабыспау үшін ені кемінде 40 см болатын ауа аралығы (шегініс) бүкіл биіктікке қалдырылады. Кез-келген пештің тәуелсіз негізі болуы керек. Түтін мұржалары үшін арнайы отқа төзімді кірпіш қолданылуы керек, ал керамикалық, асбест-цемент және металл құбырларды пайдалануға, сондай-ақ сазды және ағаш түтін мұржаларын орнатуға тыйым салынады.

Басты ескеретін жағдай ағаш және басқа жанғыш материалдарды пештен қауіпсіз қашықтықта жинау керек. Жанып жатқан пештен жиһаз, перделер және басқа да жанғыш заттар 1 м-ден жақын орналаспауы керек. Пештің жанында ағашты кептіруге болмайды. Кешке отты ұйқыға кетпес бұрын 2 сағат бұрын тоқтату керек. Ал ғимараттар мен құрылыстарда – жұмыс аяқталғанға дейін кемінде 2 сағат бұрын. Балалар күндізгі уақытта болатын мекемелерде пешті бір сағаттан кешіктірмей жағуды аяқтау керек. Ыстық көмірді, қожды немесе күлді стендтерден алыс жерде арнайы бөлінген жерлерге тастау қажет, пештерден шыққан барлық заттар сумен сөндіріледі.

Р. АХМАРОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.

Ақаулы электр құрылғылары - өрттің себебі

Электр және электр құрылғылары қазіргі өмірге мықтап енді. Күн сайын электр құрылғыларының және машиналардың ассортименті артып келеді, оларсыз біз, қазіргі заман адамының өмірін елестете алмаймыз. Бұл электр үтіктері, плиткалар, радиаторлар, кір жуғыш машиналар, тоңазытқыштар және басқа да электр құрылғылары. Кез — келген электр құрылғысының дұрыс жұмыс істемеуінің әсерінен өрт туындауы мүмкін.

Өрт қаупін азайту және электр құралдарын қауіпсіз пайдалану үшін негізгі ережелер: ақаулы электр құрылғыларын пайдаланбаңыз; электр жабдықтары мен аспаптарды жөндеумен айналыспаңыз. Бұл жұмысты маман орындауы керек; кез-келген жаңа электр құрылғысын желіге қоспас бұрын, оны пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз; электр құрылғыларының металл корпусына және су құбырының, кәріздің металл жүйелеріне бір уақытта қол тигізбеңіз; электр сымдарындағы нашар байланыс оның қызуына, ұшқындардың пайда болуына әкелетінін және өрт тудыруы мүмкін екенін есте сақтаңыз; тек стандартты сақтандырығыштар мен балқымалы кірістірулерді қолданыңыз. Өрт болған жағдайда электр аспапты тоқтан ажыратып және оттегімен қатынауды тоқтату үшін тығыз матамен жабу керек. Жанып тұрған электр құрылғыларын сумен сөндіруге болмайды; электр құрылғылары қосылып тұрған кезде балаларды қараусыз қалдырмаңыз.

Өрт кезінде 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз!

Т. ТӨЛЕГЕН,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

МАҒЫНАСЫ ҰМЫТПЫЛЫП БАРА ЖАЛПҚАН СӨЗДЕР

Туажат - жеті атаның соңғысы (ата, әке, бала, немере, шөбере, немене, туажат).

Кәтеп (қатеп) - нарға жүк арту үшін салынған ағаш жабдық, (Махамбеттің «Қасұлектен туған кәтепті қара нар керек біздің бұл іске» дегені бар).

Ысқауыр - тілуге, ағашқа өрнек салуға арналған құрал.

Кеніш - молшылық, байлық (кейінде кен қазатын орынды да кеніш деп жүр).

Үк - (Кейде үп деп те айтады) - үйге тозаң сияқты түсетін күн сәулесін айтады. («Үп келді - құт келді»).

Наруана - нарға жүк арту үшін қолданылатын жабдық.

Үде - бір нәрсенің шегі, шамасы (үдесінен шықты).

Еміл - қатты ағаштан жасалған мықты таяқ.

Шәргез - қыңыр, қисық, шәлкес сөйлейтін адам.

Сайғақ - 1) Қабірдің басына тігілген ағаш (Шалкиіз ақынның «Саздауға біткен сары ағаш, кімдерге сайғақ болмаған» дегені бар). 2) Киік, ақбөкен, құралай «Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай» - (Мәди).

Жасу - иненің көзі (Иненің жасуындай жер болса өтеді» дейді пысық адам туралы).

Бәңгі - меңіреу адам (Абайда бар).

Үйек - шөбі шүйгін, табиғаты қолайлы жер (Жерүйек, жерұйық мағыналас).

Андағай - қадау-қадау, селдір, сирек деген мағына береді.

Ыңғуыр - ағашты үңгіп, ішін ойып ыдыс жасайтын шебердің құралы.

Қалжа - босанған әйелге берілетін құнарлы ас. («Мен туғанда да шешеміз қалжа жеген шығар»).

Жекен - суда өсетін қоға шөп.

Бақалақ - қол диірменді айналдыратын қысқа тұтқа ағаш.

Шой - үлкен қазан (Шой қара - зор денелі, өңі қара адамды айтады).

Бұрмаша - ұршықтың жіп ілетін басы.

Сықырлауық - киіз үйдің жарма есігі.

Сілікпе - жігіттердің оңаша бас қосып жейтін жас малдың еті.

Айдар - жас баланың төбесіне қойыла - тын бір шоқ шаш.

Тегеурін - бүркіттің артқы саусағы.

Жембасар - бүркіттің алдыңғы саусағы.

Тоз - қайыңның қабығы.

Сеңгір - биік (Сеңгір тау).

Лау - қызмет бабымен жүрген адамды бір ауылдан екінші ауылға жеткізіп салу қызметі («Лаулап келдім»).

Өліара - екі айдың аралығы.

Итарқа - күркеше. Екі керегенің басын қосып жасаған уақытша тұрақ.

Тығырық - түйенің мұрындығын бекітетін қалың теріден жасалған дөңгелек тесік (тығырыққа тірелу).

Қасаба - көп жасаған мама бие (осыдан «қасабалы бәйбіше» деген сөз тіркесі шықса керек).

Оташы - сынықшы (Қазір хирургті де оташы деп жүр).

Оқпан - шұқыр жер.

Жыға - батыр дулығасының төбесіндегі шошағы.

Қапсағай - ірі денелі адам.

Дегдар - текті (дегдар адам) («Тұқымың дегдар болғанмен азғын туғансың» Дулат Бабатай).

Өреше - киіз үйдің ішінде ас сақтайтын орын.

Шеттік - түйенің мұрындығына тағылатын қысқа бұйда.

Зайыр - анық. («Бірге ойнайтынымыз зайыр есімде» Шерхан Мұртаза).

Тірмізік - жаны сірі, итжанды («Тірмізік екенмін, қасқырдың тарамысынан жаралғандай тырмысып әлі келемін»).

Тұқым - жұмыртқа.

Құртқа - қаншық қасқыр..

Алтын күрек - жазғытұрымғы қарды ерітетін жылы жел.

Мизам - өсімдіктер ұлпасы (Мизам ұшқан қоңыр күз).

Сандуғаш - бұлбұл (татар тілінде жиі қолданылады).

Жалбыз - жағымды иісті шөп

Бозым жігіт - сылқым, көркем жігіт.

Зорақы - зорлықшы, өктемші.

Тақуа - діндар адам.

Қаптама - басқа киімдердің сыртынан киетін мол киім.

Кәшек - мал жеген шөптің оттықта қалған қалдығы.

Құлжа - арқардың құлжасының асығы.

Топай - сиырдың асығы.

Оқалақ - сиырдың арқасына тұқым тастайды, одан шұрт ; сол құрттан оқалақ - оқыра өсіп шығады.

Отақ - арпаны арам шөптен тазарт.

Мия - бидай арасына шығатын улы дәні бар шөп.

Шипа шөп - дәрілік шөптер: адыра-спан, киікоты, көкемарал, қылша, т.б..

Мәшке ит - қанден ит.

Әлжуаз - аурушаң, әлсіз.

Байғыз - күндіз ұйықтап, түнде ұшатын құс (жапалақ тектес).

Шоңайна - өсімдік.

Өзек - жүрек сөзінің орнына қолданылады. («Адам ағзасында өзек деген мүше жоқ. Татарлар: Сине уйлап сағынғанда, узе.

Зағара - жүгері нан.

Шербет - тәтті ішімдік сусын (шын кеңімен берген қара су шербеттен де тәтті).

Әбжіл - тез, шапшаң.

Кеуек - бос, қоянның қардан қазып жасаған ұя-үйшігі.

Кепеш - бас киім.

Зіл - ұйық , батпақ (Жағаға шыққысы келеді, бірақ зіл жібермейді.

Ақта болған - піштірген (жылқы).

Қари - құранның сүрелерін жатқа айта- тын адам.

Тас жетім - ата-анасыз, тұлдырсыз жетім.

Әуліжай - бассейн.

Шишақпақ - сіріңке, оттық.

Қодыға - құланның құлыны.

Қодық - есектің төлі.

Қозықа - арқардың төлі.

Құралай - киіктің төлі.

Төдері - беті, түрі жүзі. (Пәдеріңе нәлет!)

Зәуде бір - кейде бір.

Келесау - есалаң.

Ауыш - есі ауысқан адам.

Кісіпір - төкаппар, кеуде адам.

Керсен - ыдыс (Арты керсендей месқарын).

Жәлепхана - жезөкшелер ұстайтын үй.

Пырақ - қанатты тұлпар (Пайғамбардың пырағы).

Әлеке - тазының ең жүйрік тұқымы (әлекедей жаланып).

Самар - қымыз құятын, ет салатын үлкен астау.

Шері - жолбарыс.

Тоғанақ - түйеге артқан жүк.

Қосын - ерікті сарбаздар тобы.

Боздақ - 1) малдың жаңа көтерілген уақ жүні. 2) көк ерім жас жігіт (бетінен (жағынан) боздағы шығып...

Кежеге - бас сүйектің желке тұсы (кежегесі кейін тартып).

Ертәуіл - тыңшы, шолғыншы.

Өре - құрт, ірімшікті биік жерге жая- тын ши (өресі жетпеді деп те айтады).

Сүйретпе - ысталған тері саба (10 ше- лектей қымыз сияды).

Қалжуыр - есікті іштен бекітетін тиек («Тышқанініне кіре алмай жүріп, құйрығына қалжуыр байлапты»).

Манжам - бүркіттің жемсауын тазалау үшін берілетін бір уыс жүн-жұрқа.

Тайтұяқ - тай тұяғындай алтын, күміс.

Қарақ - асқан бауқеспе ұры.

Күпшек - арбаның доңғалағын қисайтпау үшін білікке көлденең салынған ағаш (Бұқар жырауда «Күпшек санды күренді» деген тіркес бар).

Алғадай - бірінші болып ұрысқа кіретін әскер тобы. Олардың жаназасы алдын- ала шығарылады екен.

Наркескен - екі жағы да жүзді қылыш.

Қырдасын - киіз үйдің үзік, туырлық киізінен қалған құрақ төсеніш.

Жемелек - қысқа шашқа қосып өрген ақ мата.

Уыз қағанақ - көктемде қойшылар торсыққа құйып, ыстық күлге көміп пісірген уыз сүт.

**Жинастырған
Масғұт ХАЛИОЛЛА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**

XXI ғасырға құлдық!

Сатиралық әңгімелер

Өткен ғасырға өкпеміз қарақазандай болғанмен, ғасыр соңында ата-бабамыз аңсап өткен тәуелсіздік таңы атып, таңымыз айрыла шаттыққа бөлендік емес пе?

Бұнымыздан айрылта көрмесін, тек ұзағынан сүйіндірсін деп тілейміз!

Енді, міне, іле-шала жаңа ғасырда айқара есігін ашып, біржола құшағына орап алды. Басқаны қайдам, өз басым өрем жеткенше осы құлдық ұрғызған XXI ғасырдың қадір-қасиетін қамшылап өтейін.

Алдымен айтарым, жас келіп жасамыс тартқанда мынау үбірлі-шүбірлі немерелерімді бағып-қағудан құтылғаныма құлдық! Бұрынғы біреуі мойнында, біреуі арқасында, қалғаны жетегінде ілініп-салынып еңкіш тартып кетіп бара жатқан бұрынғы әже-апаларды көз алдыма келтіріп, еңсе езіліп жүнжіп бітуші едім... Қазір рахат, балабақша деген мекеме оларыңды қаракешке дейін қамап ұстап, кешке келін-ақ көлігімен зыр еткізіп әкеле қояды. Иіскеп мауқым басылмай-ақ таң атып, олар тарыдай ша- шылып баратын жеріне тайып тұрады... Е, өстіп қолды ұзартқан ғасырыңа тәуба деп отырған кемпір-шалың бір біз ғана емес.

...Бұрынғының көртайған шал-шауқаты келін баланың қас-қабағына қарап қағажу көрмеуші ме еді... Қазір ра-хат! Айналайын зейнетақының арқасында, әсіресе екі қолға бір күрек табылмай отырған ауылды жерлерде алшаң басып асыға оңынан түсіп жүргендерде бар. Тегі кері кетіп кергі қалған бала-шағаға тап келсең, жиіген-тергенінді өңгер де, айна-лайын қарттар үйіне тайып тұр... Онда да тек зейнетақының бөлшегін бөліп бере қойсаң – төсегің салулы, төрт мезгіл тамағың тартулы, ал басыңдағы үйінді өткізіп берсең, сенен өткен сыйлы пенде болмай, уайым-қайғысыз қартая бер.

... Е, иә, ақшаң болса талтанда да талтанданың заманы туды. «Есектің ар-тын жусаң да мал тап» дегеннің уақыты келген кезең. Арыңды сат, көзін тап – тек қаражатты қампитсаң болды – күнің туады, көзің ашылады, көңілің көкте, өзің өзен-көлде армансыз шалқалап жатасың... Қазір миллиард жеп он жылға, жарты миллиард қылғытып бес жылға сотталып кете бару екінің бірінің асқақ арманы... Бұрындары – сотталу, әсіресе қазына қаражатын жымқырып істі болу өліммен тең болды емес пе?... Ол қорлықты да ба-стан өткеріппіз.

Жаңа ғасырға құлдық, ағыл-тегіл ақшаң болса төбедегің түгенделеді! Ақшаң болса, сәл өнерге бейімің болса болды, күндіз-түні теледидардан түспеуің бола-ды. Өрі кетіп әуелеп аспандағы жұлдызға теңеліп, теңселіп шыға келуің ғажап емес! ... Жымқыру демекші, біздің ел бұл жағынан әлемдегі ондықтан ойып тұрып орын алыппыз.

Баяғы ақша... ойпыр-ай, көл көсірдің арқасында ата-бабасын түгендетіп, қыш кітап шығарғандар да жетіп артылады. Ескерткішің не, көше бұйыртып, бүкіл бір ауыл атын алтын өріппен ата-баба атына жаздыртып, жазмыштан оздыртып ойып тұрып орын алды емес пе?

... Жаңа заман – талант, білімің бес тиындық бақыр, тек жоғарыда жота-лы көкең болса болды, бағың жанып, базарың орнайды.

... Осылай-осылай қарағым, XXII ғасырға құлдық ұрып барамын! Менің өрем желдей жетіп, есіп айтып өтпегім осы. Сенің де делебезең қозып, қосып-аларың боларына сенемін. Яғни сенде, менде бұл ғасырға құлдық ұрамыз!

... Е, иә, айтпақшы – алдағы XXII ғасырда өмір сүретіндерде тіптен арман болмайтын шығар... Өткен сол ғасырда ғұмыр кешер ме еді-ай!..

КЕРЖАҚ

Ауылдас, аталас, тай құлындай бірге өскен Пықып сыныптаспен реті келіп бір дәмханада екеуден-екеу оңаша басымыз қосыла қалмасы барма?

Онымен бір кездері ел қатарлы кезімізде жұбымыз жазылмайтын. Пәлекет қалай бағы жанып мемлекеттік қызметке табан тірегеннен бастап бізден алшақтай бастаған. Қазір ғой дәй қызметте. Несін айтасың, биліктің бел



Берік САДЫП

ортасында жүргендіктен, асып-тасыды, шалқып-қалқыды, бір сөзбен – ішкені алдында, ішпегені – артында... Биліктің «күдіретінің» арқасында құзыретіне құрық бойламайды, мұндайды «артымен диірмен тартады» деуші ме еді...

Кезіккен екенбіз, қайтер екен деп:

– Тәуелсіздігімізге ширек ғасырдан асты, әлі жоқ-жітіктен арылмай келеміз, – деп сөзімді төтесінен тартып едім:

– Әй, Ілдеке-ай, көрмес түйені де көрмес! – деп алдыда, әйда кеп бір кез-бен бұл кезді салыстыра сапырылысты-рып жарты сағаттай тоқтамай сөйлесін. Ұққаным – қазір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнапты... Өзгені қойып, қазақ жұртын әлем мойындаған беделді мемлекетке айналыппыз. Әділдік орнап, қара қылды қақ жаратын қасиетті кезең орнапты. Білімді мен қабілеттінің бағы жаныпты. Бір сөзбен, болмай жүргендер тек бозбүйрек, жалқау мен жа-тып ішкісі келетіндер екен... «Жемқорлық, коррупция» деп даурығатындар – көре алмастар, түймедейді түйедей еткісі келетіндердің қисынсыз қыңыр қыжылы екен...

Не керек, сыныптасым осы тектес тәлейлі тіркестерді үйіп төккенде өз ба-сым бір сәт басқаны ұмытып, мамыражай заманда өмір сүріп жатқандай күй кешіп «кертегі» еліне сүңгіп кетіппін...

– Не болды-ей! – дегеннен селк етіп есімді жисам, Пықып:

– Біраз сілтеппіз, есеп айырысар қағазын алдыңа қойдым, карточкамен есептесіп үйренген басымыз, мұнда оны қабылдамайды екен, – дейді. Не керек, онымен кезіккен өзіме обал жоқ, карточкі дегенінді былай естігеннен пайдаланып көрмеген басым, есеп айырысуға тура келді.

... Зымыраған уақыт, бірде сол Пықып сыныптасыммен тағы да оңашада отыра қалыппыз.

Естігенмін, пәлекеттің бағы тай-ып, қызметтен қуылу былай тұрсын, ісі насырға шауып, дүние-мүлкі тәркіленіп екі жылға шартты түрде кесілген деп.

Кезіккен екенбіз, қайтар екен деп:

– Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман-ә?! – деп сынай қарап едім:

– Оттапсың! – деп одыраң етті де, әйда кеп көсілсін. – Қазба байлығымыз біткен күні артымыз ашылады. Жемқорлық, коррупция жайлаған елдің алды жар, арты құз, омақаса құрдымға кетер күніміз жақын. Аттөбеліндей бишікештер биле-ген, қара халықты сүліктей сорған заман! Құр даурығу, болса тірлік, қарабастың камын ойлаған опасыздар ондырмас!

Балық басынан шіриді, талапай, мил-лиардтарды құрдымға жіберіп отырған да, үлде мен бұлдеге малынып отырған да солар. Білімді-білікті жүнжіп бітті, бөзекпе, жылмағай, жағымпаздардың жолы болған заман әлі жалғасуда... – деп тікен тіркестерді тоқтамай тоғытып еңірегенінде қараптан-қарап отырып өз басым бір кездегі «ертегілер» елінен атып шығып:

– Сабыр, Пыкеке сабыр! – деп сабырға шақырып едім, көпті көрген пәлекет тиы-лып:

– Біраз сілтеппіз, есеп айырысар қағазын алдыңа қойдым, күйіп-пісемін деп қалта қапшығымды үйде қалдырып кетіппін, – дейді... Кезжасын тегіп күйіп-піскен туыстан не аяйын, есеп айырысып, таксилетіп үйіне апарып тастадым.



Сүйікті қалам, Сарқаным!

Жуырда Сарқан қаласында дәстүрлі қала күні көң ауқымда аталып өтті. Мереке таңертеңнен басталып, Қойтас алаңындағы амфитеатр мерекелік көңіл-күйдің ордасына айналып, қала тұрғындары мен қонақтар бір серпілді.

Мерекенің ресми бөлігінде аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев сөз алып, осы уақытқа дейін аудан орталығында атқарылған жұмыстардың барысына да тоқталды.

"Қаламыз күн санап жаңарып, гүлденіп жатыр. Бұл бөріміз үшін үлкен қуаныш, зор мәртебе. Инфрақұрылым жаңарып, жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Білім беру мен денсаулық сақтау салалары жаңаша бағытта дамуда. Биылғы жылдың ерекше жаңалығы Сарқан қаласының Жетісу облысындағы «Үздік аудан орталығы атануы»", - деді аудан әкімі Ғалымжан Қанатұлы.

Сонымен қатар, аудан әкімі айтулы күнге орай ұйымдастырылған бірқатар спорттық шаралар қорытындысы бойынша жүлдегерлерді марапаттады. Оған қоса дәстүрлі "Үлгілі аула" номинациясының жеңімпаздары да марапат төрінен көрінді.

Салтанатты кеште арнайы облыс орталығынан келген «Талдықорған әуендері» халықтық фольклорлық этнографиялық ән-би ансамблі ән мен жырдан шашу шашып, тұрғындарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Спорт сүйер қауым арасында арқан тартыс, гір тасын көтеру сынды ойындар бойынша жарыстар өткізіліп, жеңімпаздар арнайы кубоктар мен медальдарға ие болды.

Сарқан қаласының күні – бірлік пен ынтымақтың, даму мен жаңашылдықтың мерекесі. Биылғы шара да осы дәстүрдің жалғасы ретінде есте қаларлық деңгейде өтті.

Өз тілшіміз.

•Спорт

Қала күні аясында

2025 жылдың 19 қараша күні Сарқан қаласында қала тұрғындары арасында дәстүрлі үстел теннисі жарысы ұйымдастырылып, спорт сүйер қауым бір алаңға жиналды. Жарысқа түрлі жас санатындағы қатысушылар қатысып, жоғары деңгейде ойын өрнегін көрсетті.

Спорттық шараның басты мақсаты – тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, белсенділікті арттыру және бұқаралық спортты дамыту болды. Қатысушылар өзара шеберліктерін көрсетіп, тартысты ойындар нәтижесінде жүлдегерлер анықталды.



Осындай спорттық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Сондай-ақ қараша айының 21-і күні қала күні мерекесіне орай шаһар тұрғындары арасында бірнеше спорт түрлерінен жан-жақты жарыстар ұйымдастырылды. Спорт сүйер қауым қол күрес, гір тасын көтеру, арқан тартыс, эстафета, скандинавиялық жүріс, сондай-ақ лабиринтпен жүгіру секілді қызықты сайыстарда өз күштері мен шеберліктерін сынға салды.

Жарыс барысында қатысушылар жоғары белсенділік танытып, командалық рух пен әділ бәсекелестік көрініс тапты. Шара қала тұрғындарының денсаулығын нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды.

Жеңімпаздар арнайы марапаттармен ұйымдастырушылар атынан алғыс білдірілді.

Қала күні құтты болсын! Бірлік пен спорт – біздің ортақ қуатымыз!

Ильяс АЛЬМАНБЕТОВ,

Сарқан аудандық филиалының дене шынықтыру және спорт нұсқаушысы.

•Бәрекелді!



Ұлағатты ұлтымыздың «Ауылына қарап азаматын таны» деген өнегелі сөзі тура Алмалы ауылдық округіне қарасты аядай ғана елді мекен Абай ауылына қарата айтылғандай. Мұнда қазағымның нағыз «сен тұр, мен атайын» дейтін марғасқа, жандары жомарт, істері мен сөздері жарасым тапқан азаматтары тұрады. Қазақшылықтың қаймағы бұзылмаған ауылды көркейту жолында олардың атқарып жатқан еңбектері жетерлік. Соның бір жарқын мысалы жуырда ауылдың 1986, 2004, 2005 жылғы азаматтарының мұрындық болуымен және өзге де ауыл тұрғындарының, жекелеген шаруа қожалықтарының ұйымдастыруымен Алматы-Өскемен күре жолынан бұрылған тұстан ауылға кіреберіске дейін жарық шамдарын орнатты.

1,5-2 шақырымдық жолдың бойына барлығы 25 дана күн көзінен қуаттанатын жарық шамдары арасы 40 метрден орнатылып ауыл ажарын одан әрі аша түскендей. Керек-жабдықтарды жеткізу, бағандарды орнату, дәнекерлеу, оны сырлау және басқа да жұмыстарына тұрғындар жұдырықтай жұмылып, ауызбіршілік танытты.

"Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын" демей ме халқымыз. Атқарушы билікке алақан жая бермей, көп болып біріксе қандай жұмысты болса да еңсеруге болатындығын өздерінің игі істерімен дәлелдеген абайлықтарға бәрекелді, бұл ұрпақтар арасындағы жарқын сабақтастық, өнегелі өнеге, берекелі іс болды дейміз.

Толықтай күннен қуат алатын жарық шамдары күре жолдан бұрылған кез келген жүргіншінің жолын жарықтандырып, бейне бір «Кел, мұнда берекесі мен бірлігі жарасқан Абай ауылы бар» деп тұрғандай. Ырыс-ынтымағың арта берсін, берекең мен бірлігің, шапағатты шараң өзге ауылдарға үлгі болсын, Абай ауылы!

Партия ЖЕҢІСХАН.

ТІКЕЛЕЙ ШАРТ ЖАСАСУ АРҚЫЛЫ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕГІ ТАЛАПТАР

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2), 26) және 31) тармақшаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алу-ды бір көзден алу тәсілімен келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

Сатып алынатын тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды немесе қызметтерді алу;

Мемлекеттік органның тиісті өкілеттіктеріне сәйкес, оның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 100%-ы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден немесе мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тікелей шарт жасасу арқылы сатып алу мүмкіндігі қарастырылған.

Бұған қоса, көрмелер, семинарлар, конференциялар, кеңестер, форумдар, симпозиумдар, тренингтер материалдарын сатып алу және аталған іс-шараларға қатысу үшін ақы төлеуді қарастыратын шарттар да бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Алайда, мұндай тәсілді қолдану тек монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды өндіретін немесе қызметтер көрсететін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысы болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы №6 бұйрығымен «Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасау мен қызмет көрсетуге қатысты жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың басқа мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидалары» бекітілді.

Осы Қағида мемлекеттік сатып алу процесінде бір көзден алу тәсілін қолдану үшін негіз болатын қорытындыны алу тәртібін айқындайды. Сондықтан, монополияға қарсы органның қорытындысын алу кезінде аталған Қағидада белгіленген талаптарды қатаң сақтау қажет.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Заңды білу – заман талабы

Елімізде заң және тәртіптің сақталуы – бұл қоғамның тұрақты әрі қауіпсіз өмір сүруінің негізі.

Неліктен заң мен тәртіп маңызды? 1. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Заңдардың сақталуы арқылы азаматтардың өмірі, денсаулығы, мүлкі және құқықтары қорғалады. 2. Әлеуметтік тұрақтылықты сақтайды. Тәртіпсіздік пен заң бұзушылықтар анархияға әкелуі мүмкін. Ал заң мен тәртіп – тұрақты даму кепілі. 3. Әділеттілікті қамтамасыз етеді. Заң бәріне ортақ және тең болуы керек. Бұл адамдар арасында сенім орнатады. 4. Мемлекеттің беделін арттырады. Заң мен тәртіпке бағынатын ел – халықаралық аренада сенімді және өркениетті мемлекет ретінде танылады.

Ал мемлекетіміздің әрбір азаматы заңдарды білуге және сақтауға; қоғамдық тәртіпке бағынуға; басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуге; құқық бұзушылықтарға жол бермеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, азаматтардың шет мемлекеттердегі қарулы қақтығыстарға немесе әскери іс-қимылдарға қатысуы қатаң түрде қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады. Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық кодексінің 172-бабына сәйкес, егер азамат жалақы немесе басқа да жеке мүдде үшін шетелдегі әскери жанжалдарға жалдамалы ретінде қатысса, ол 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, шет елдердегі террористік немесе экстремистік ұйымдарға қосылу, сондай-ақ діни немесе этностық араздықты қоздыру әрекеттері де (ҚК-нің 174-бабы) қылмыстық жазаға тартылады. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз азаматтарының шет мемлекеттердегі заңсыз әрекеттерге қатысуына жол бермейді. Мұндай іс-әрекеттер тек жеке адамның ғана емес, жалпы қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

Азаматтарды заң талаптарын сақтауға, радикалды идеялардан аулақ болуға және күмәнді ұйымдардың ықпалына түспеуге шақырамыз.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Новая волна фишинга – ВАШИ IPHONE КРАДУТ ОНЛАЙН

Центр прогнозирования преступных угроз и рисков общественной безопасности Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан предупреждает об угрозе интернет-мошенничества в отношении владельцев iPhone. По данным зарубежных источников (<https://www.bleepingcomputer.com/news/security/lost-iphone-dont-fall-for-phishing-texts-saying-it-was-found/>, <https://itc.ua/news/moshennyky-obmanyvayut-vladeltsev-ukradennyh-iphone-falshyvymy-soobshheniyamy-apple-find-my/>) злоумышленники рассылают поддельные SMS сообщения или iMessage от имени Apple с прикрепленной фишинговой ссылкой, указывая модель, цвет и объем памяти, якобы найденного iPhone, тем самым создается впечатление подлинности уведомления.

Перейдя по закрепленной ссылке пользователь попадает на фальшивую страницу, визуальную идентичную сервису Apple Find My, которая передает логин и пароль Apple ID мошенникам. Это позволяет злоумышленникам обойти блокировку активации iPhone и получить доступ к устройству, и личной информации.

Учитывая, что данный вид угрозы начинает активно распространяться, настоятельно рекомендуем: не переходить по ссылкам, вызывающим сомнение; использовать отдельный адрес электронной почты если хотите отобразить контактную информацию на экране блокировки утерянного устройства; защитить SIM-карту PIN-кодом, чтобы затруднить доступ к ней; проверять устройство только через icloud.com/find.

Оставайтесь бдительными, соблюдайте кибербезопасность.

Центр прогнозирования преступных угроз и рисков общественной безопасности Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Жетісу облысында шетелдік келушілер саны 43%-ға өсті



Жетісу облысының аумағында «eQonaq» ақпараттық жүйесі арқылы барлығы 27 989 шетелдік келіп тіркелген. Келушілердің негізгі бөлігін Өзбекстан азаматтары құраса, сондай-ақ Қытай, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркия, Жапония, Әзірбайжан, Беларусь, Моңғолия, Үндістан, Ұлыбритания және АҚШ азаматтары тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 43 пайызға жоғары.



«Құқық бұзушылықтарға қатысты, жыл басынан бері жалпы 5 638 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ең маңызды нәтижелердің бірі – сот шешімімен 339 шетелдік елден шығарылды, бұл былтырғыдан 6,5 есе артық. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 41,5 млн теңгеге жетіп, толықтай өндірілді», - деді Жетісу облысы ПД көші-қон қызметі басқармасының бастығы Ерлан Райымбеков.

Құжаттандыру бағытында да оң динамика байқалды. 10 ай ішінде облыстың 91 214 тұрғыны жеке куәлік немесе төлқұжатпен құжаттандырылды. Ал тұрғылықты жері бойынша 28 168 азамат

тіркеліп, 6 829 адам тіркеуден шығарылған.

Көші-қон қызметі облыстағы заңдылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысын әлі де жалғастырады.



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР - МӘҢГІЛІК МҰРА

Мемлекеттік рәміздер – ұлттың рухын биіктететін, елдің ең қастерлі құндылықтарының бірі. Ту, Елтаңба, Әнұран – бұл тек белгі, таңба немесе әуен ғана емес, олар – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихы, тағдыры, терең тамыры мен тұтастығын айғақтайтын қасиетті ұғымдар. Әрбір қазақстандық үшін мемлекеттік рәміздер – елдік пен ерліктің, тәуелсіздік пен тұтастықтың мәңгілік нышаны.

Біздің Көк Туымыз – дархан даланың еркін самалындай, бейбіт өмірдің бейнесіндей әлемге ашық. Оның көгінде қалықтаған қыран – биік мақсатқа, асқақ арманға жетелер ұлттық мінездің символы. Ал күн бейнесі – өмір нұры мен берекенің белгісі. Көгілдір туға көз салған сайын, ата-бабамыздың елдік жолында төккен тері мен төзген тағдыры көз алдымызға келеді.

Елтаңбамыздағы шаңырақ – біздің бірлігіміз бен ортақ мүддемізді білдіреді. Уықтары – елдің әрбір азаматы, ал шанырақ – тұтас Қазақстан. Осы бір терең мағыналы символ халқымыздың татулығын, ынтымағын, бір шаңырақ астындағы мәңгілік берекесін меңзейді. Бұл – ұлт болып ұйысудың, мемлекет болып қалыптасудың басты нышаны.

Әнұран – жүректі қозғайтын патриоттық үн, елдікті танытатын рухани күш. Әнұранды орындаған кезде әрқайсымыздың бойымызды мақтаныш сезімі кернейді. Өйткені ол – тәуелсіздіктің дауысы, халықтың жүрек үнінен туған асқақ жыр.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі ретінде мен тыңдаушыларға рәміздердің мәнін түсіндіруді үлкен жауапкершілік деп білемін. Жас ұрпақ бұл құндылықтарды құрметтеп өскенде ғана ел болашағы нық, мемлекеттің іргесі берік болмақ. Мемлекеттік рәміздерге деген сүйіспеншілік – елге деген сүйіспеншіліктің бір бөлігі. Сондықтан оларды қадірлеу, қорғау, насихаттау – әрбір азаматтың парызы.

Мемлекеттік рәміздер – өткеннің аманаты, бүгінгінің айыны, болашақтың бағдаршамы. Оларды құрметтеу – мәңгілік ел болуға ұмтылған Қазақстан халқының рухани тірегі. Мемлекеттік рәміздер – мәңгілік мұра. Олар біздің жүрегімізде, санамызда, ұрпағымыздың бойында жасай береді!

А.АУЕЛБЕКОВА,

Жетісу облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Сарқан аудандық филиалының мемлекеттік тіл курсының оқытушысы.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАДЫ



«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы 2024 жылдың көктемінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен бастау алып, бүкіл ел аумағында жалғасқан кең ауқымды шараға айналды. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – табиғатты тазарту ғана емес, халық арасында жаңа экологиялық мәдениет қалыптастыру болатын. Мемлекет басшысы қолдаған бұл игі істі қоғамның барлық өкілдері, әсіресе жастар жағы жылы қабылдап, жаппай атсалысты. Нәтижесінде аз ғана уақыт ішінде миллиондаған қазақстандықтар тазалық шараларына үлес қосып, туған өлкесінің экологиясын жақсартуға өз қол ұшын созды. Осы табиғатқа жанашырлықпен қарауға басты мақсат еткен акцияға «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде де ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылды.

«Таза Қазақстан» акциясының екі жылға жуық уақыт ішіндегі нәтижелері елімізде қоғамның экологиялық белсенділігінің айтарлықтай өскенін көрсетеді. Миллиондаған азаматтың ерікті түрде қолына күрек алып, көшелер мен өзен жағаларын тазалауы – бұрынырақ тек коммуналдық қызметтің міндеті саналған істің енді жалпыұлттық қозғалысқа айналғанының дәлелі.

Ең басты әсері – экологиялық сана-сезімнің жаңғыруы. Тұрғындар айналасының тазалығына бұрынғыдай немқұрайлы қарамауға тырысып, керісінше, басқаларды тазалық сақтауға шақыратын деңгейге жетті. Көптеген өңірлерде қоқысты бөлек жинау бастамалары пайда болып, пластикті қайта өңдеуге өткізу, ағаш отырғызу сияқты пайдалы әдеттер қанат жайды. Мұның бәрі табиғатқа жанашыр қоғам қалыптасуының алғышарттары.

Өрине, еліміздегі экологиялық мәселелер бір науқанмен толық шешілмек емес. Дегенмен «Таза Қазақстан» бұқараның назарын қоршаған ортаның тазалығы мен тәртібіне аударып, жаңа экологиялық мәдениеттің негізін қалады деуге болады. Егер осы қалыптасқан оң үрдіс сақталып, жыл сайын жалғасын тапса, болашақ ұрпаққа таза да жасыл Қазақстанды мирас ету мүмкіндігі арта түседі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Тазалықты сақтау және табиғатты аялау ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуға тиіс». «Таза Қазақстан» акциясы – сол мақсатқа көпшілікті жұмылдыратын игі дәстүрге айнарудың бастамасы. Ендеше, қоршаған ортаны қорғау әрбір азаматтың күнделікті дағдысына айналып, мемлекет пен халық біріге әрекет еткенде ғана экологиялық ахуалды түбегейлі жақсарту алатынымыз айқын. Қорытындысында, бұл республикалық акция бүкіл қоғамды ортақ іске ұйыстыра отырып, Қазақстанның табиғаты мен болашағына деген жауапкершілік сезімді нығайтты деп тұжырым жасауға толық негіз бар.

Ендігі міндет – осы ұстанымды үзбей жалғастырып, туған өлкемізді таза ұстайтын дәстүрді баянды ету әр азаматтың міндеті.

А. ЖАУЫНГАРОВ,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалы
Басқан орманшылығының мем.инспекторы.

Архивтік құжаттарды архив қоймасына орналастыру тәртібі

Архивтік құжаттар архив қоймасына оларды кешенді есепке алуды, сақтауды және іздестіруді қамтамасыз ететін тәртіппен орналастырылады.

Архивте архив қорларын орналастыру тәртібі архив басшысы бекітетін архив қорларын орналастыру жоспарында (схемасында) айқындалады. Архив қорларын орналастыру жоспарында (схемасында) архив қорларын архив қоймасында олардың әрбір стеллаж бойынша нөмірлерін көрсете отырып орналастырылуы көрсетіледі. Архив қорларын орналастыру жоспары (схемасы) архивтік құжаттарды есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеде немесе архивтік құжаттарды есепке алуға жауапты қызметкерде, ал архив қорларын орналастыру жоспарының (схемасының) тиісті бөлімдері – архив қоймаларында болады.

Бір архив қоймасына әртүрлі жеткізгіштердегі, бірақ бірдей сақтау режимдерін талап ететін архивтік құжаттарды орналастыруға жол беріледі.

Электрондық жеткізгіштердегі құжаттар өртенбейтін шкафтарда, бокстарда, футлярларда, ұяшықтарда, ал электрондық құжаттар арнайы құрылғыларда орналастырылады.

Электрондық жеткізгіштермен жұмыс жасаған кезде электрондық жеткізгіштердің жұмыс беттерін қолмен ұстауға тиым салынады. Электрондық жеткізгіштерді тазалау және қолмен өңдеу кезінде оларды тек қолғап киіп жиектерін немесе қорғаныс корпусынан ғана ұстау керек.

Архивтің барлық үй-жайлары, қабаттары, архив ғимараттарының ярустары, сондай-ақ стеллаждар, шкафтар мен сөрелер нөмірленеді.

Әрбір жеке үй-жайда стеллаждар мен шкафтар кіреберістен солдан оңға қарай дербес нөмірленеді. Стеллаждар мен шкафтардағы сөрелер жоғарыдан төмен қарай солдан оңға қарай нөмірленеді.

Қоймада орналасқан архивтік құжаттарды сақтау және іздеу орындарын бекіту мақсатында архив қоймасында қор бойынша топографиялық көрсеткіштердің карточкалары және стеллаждар бойынша топографиялық көрсеткіштердің карточкалары жасалады.

Топографиялық көрсеткіштерді жүргізу қағаз жеткізгіште немесе белгіленген деректемелерге сәйкес автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Архивтік құжаттарды орналастырудағы өзгірістер топографиялық көрсеткіштердің барлық даналарында, сондай-ақ архивтік архив қорларын орналастыру жоспарларында (схемасында) уақытылы көрсетіледі.

Архивтік құжаттарды сақтаудың әрбір бастапқы құралына архив қорының, тізімдеменің және қораптағы сақтау бірліктерінің атауы мен нөмірлері көрсетілетін заттаңба рәсімделеді.

З.ТЮЛЮБЕКОВА,
"Жетісу облысының мемлекеттік архиві" КММ
Сарқан филиалының архивісі.

Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары!

Біріккен ұлттар ұйымының Бас Ассамблеясымен 1999 жылы «25 қараша – әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жоюдың Халықаралық күні» ретінде белгіленсе, 1948 жылдан бастап, «10 желтоқсан - Адам құқығын қорғау күні» болып аталып келеді.

Осыған орай, жыл сайын барлық елде 25 қараша мен 10 желтоқсан айларында «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн белсенділік» акциясы өткізіледі, акция «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою үшін Халықаралық күрес күні» мен «Адам құқығын қорғау күні» аралығын, яғни 16 күнді қамтиды.

Акцияның мақсаты – әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту, жолын кесу, ана мен баланы қорғау, қоғамдағы отбасының рөлін күшейту бойынша қабылданып жатқан шараларды таныстыру.

Іс-шара барысында елді мекендерде полицияның қоғамдық көмекшілерін, жастар бірлестіктерін, үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, отбасылық құндылықтарды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады.



Зомбылықсыз 16 күн
дней без насилия

Вниманию жителей Сарканского района!

В 1948 году Генеральная Ассамблея Организации Объединенных Наций приняла резолюцию, провозглашающую 10 декабря - «Международным днем защиты прав человека», а дата 25 ноября с 1999 является «Международным днем борьбы с насилием в отношении женщин».

В связи с чем, ежегодно, во всем мире в период с 25 ноября по 10 декабря, а именно 16 дней, проводится акция «16 дней активизма против гендерного насилия».

Этими датами подчеркивается символическая связь между насилием против женщин и нарушением прав человека.

В рамках акции, с привлечением общественных помощников полиции, молодежных объединений, неправительственных организаций в населенных пунктах будут проводиться мероприятия, направленные на тему пропаганды семейных ценностей.

К.ЖУМАТАНОВА,
Сарқан АПБ ОТЗЗҚКТ-ның инспекторы,
полиция лейтенанты.

Қоғамдық тыңдаулар өткізіледі

10.12.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында Жетісу облысының Сарқан ауданында орналасқан "Саркандское" кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою (рекультивациялау) жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Ақ сұңқар-ай" ЖШС, БСН 000840003042, мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, І.Жансүгіров көшесі, 183 ғимарат. Тел.87757170771, diesel_51@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, 7su_expertiza@mail.ru. Тел.87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

14.01.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Абай Құнанбаев көшесі 75 мекенжайы бойынша Жетісу облысының Сарқан ауданында орналасқан "р.Сарқан" кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру карьері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: "Sarkand Hydro" ЖШС, БСН 140340020181, мекенжайы: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Қажымұқан Мұңайтпасов көшесі, 43 үй. Тел. 87017438856, bagi_zhann@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. "Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, 7su_expertiza@mail.ru. Тел.87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

Пройдут общественные слушания

С 10.12.2025г. в течение 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации (рекультивации) последствий недропользования на месторождении «Саркандское» расположенный в Сарканском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Ақ сұңқар-ай», БИН 000840003042, адрес: область Жетісу, город Талдықорған, улица И.Жансугурова, строение 183. Тел.87757170771, diesel_51@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

14.01.2026г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Сарканский район, г.Саркан, ул.Абай Құнанбаев 75 будет проводится общественные слушания для карьера по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «р.Сарқан», расположенного в Сарканском районе области Жетісу. Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Sarkand Hydro», БИН 140340020181, адрес: область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Қажымұқан Мұңайтпасов, дом 43. Тел. 87017438856, bagi_zhann@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, АҚЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ ЖОМАРТ ИГІМАН ОҚУЛАРЫ

Мектеп оқушылары арасындағы «Таңдайына сәруар сөз ұялаған» атты көркемсөз оқу шеберлерінің, жас ақындардың байқауы Тәуелсіздік күніне арналады.

Байқаудың мақсаты:

Жомарт Игіман шығармашылығын жастар арасында насихаттап, ақынның туындылары арқылы жас ұрпақты адамгершілікке, ұлттық рухқа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Байқаудың ережесі:

Байқау 2025 жылғы желтоқсанның 8-інде Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте өтеді. Байқауға қатысушылар ақынның бір туындысын және өзінің шығармашылығынан бір өлеңді жатқа оқып, өлең-өнер жайындағы алдын ала жазған эссесін ұсынады.

Қазылар алқасы қала мектептерінің 1-11 сыныптарынан, колледждерден іріктеуден өткен көркемсөз оқушылардың шеберлігін сарапқа салып, жүлделі үш орынның және ынталандыру сыйлықтарының жеңімпаздарын айқындайды.

Талапкерлердің мәтінді таңдау талғамына, оқу шеберлігіне, дауыс мәнері мен тіл тазалығына, сахнада өзін ұстауына баса мән беріледі.

Мектеп әкімшіліктері байқауға қатысушылар туралы мәліметті (аты-жөні, мектебі, сыныбы, өлең тақырыбы) желтоқсанның 1-іне дейін аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне тапсыру керек.

Анықтама үшін 2-18-82.



Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі.

Томпылдай жүгірген кіп-кішкентай сұр көжек ақ бұлттардың арасынан сығалай қарап, шуақ шашқан күнге:

— Қандай кереметсің! Мына әлемге жылу шашасың! Айналаны жарық қыласың. Қарашы әне, гүл біткеннің бәрі желмен ырғала билеп, саған қол бұлғап тұр. Олар сені жақсы көретінін айтты. Өзіңді көрсе қуанады екен. Екеуіміз дос болайықшы! Жерге түсіп, қасыма келші! — деді қиыла сөйлеп.

Мұны естіп, күн күлім қақты. Содан кейін алдына келген аппақ бұлттарды ысырып тастап:

Сұр көжек (ертегі)

— Сұр көжек, сенімен дос болуға қарсы емеспін, бірақ жерге түсе алмаймын ғой. Олай етсем, басқа достарым мені көрмейді. Ренжиді. Ал мен ешбір жанның көңілін қалдырғым келмейді. Бәрі менің шыққанымды, нұрымды төккенімді қалайды. Барлығына пайдамды тигізгенді ұнатамын. Сен де мені досым деп

сана! Осылай сәулемді төгіп тұрайын, көк шалғында жүгіріп, асыр салып ойнай бер, — деп тіл қатты.

— Өзіңдей болғым келеді. Алайда менде шуақ жоқ. Достарыма еш пайдам тимейді, — деді сұр көжек мұңайып.

— Жақсы дос қуанышта да, қиындықта

Сапалы қызметі үшін ризамын

Жуырда тұрмыстық қажеттіліктеріме орай несие алу үшін банктерге жүгінген едім. Ең алдымен Halyk Bankтың аудандық филиалына барып, өтініш тастап едім жасым 70-тен асып кеткеннен кейін қажетті сома берілмеді. Содан кейін «Home Credit Bank» АҚ-ның Сарқан бөлімшесіне жолықтым. Ол жердегі **Сүлейменова Рита Камарғалиевна мен Кокенбаева Динара Куатбековна** есімді қыздар менің өтінішіме бей-жай қарамай, маған несие алудың шарттары мен ережелерін түсіндіріп берді. Осыған орай банк қызметкерлеріне көрсеткен сапалы қызметтері, кәсібилігі және клиенттерге деген жауапкершілікпен қарағаны үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Жұмыстарыңыз әрдайым жоғары деңгейде орындалып, қызмет көрсету мәдениетін арттыруға қосқан үлестеріңіз ерекше бағалансын. Алдағы жұмыстарыңызға табыс, істеріңізге береке тілеймін.



Тоқтабаян КӨШЕНБАЙҰЛЫ,
ардагер ұстаз.

да қасында болғаныңды қалайды. Жылы сөзің, қолдауың — оларға көмек. Ешкімге зиян келтірмесең, соның өзі басқаларға пайданды тигізгенің, — деді Күн жымылып, сұр көжектің басынан шапағымен сипап. Мұны естіп, сұр көжек қатты қуанды. Ол өзгелерге зиян келтірмейді. Демек, пайдасы тиеді. Сол күні ол кешке дейін асыр салып ойнады. Иісі бұрқыраған түрлі шөптердің арасында демалып, мөлдір сулы өзеннен шөлін басты. Күн болса, жас досына күлім қағып, сәулесімен аялап тұрды.

Айнагүл ШАКУПОВА,
Атырау.

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар!
Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сансаланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе



газетіне жазылыңыз!
Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

**Зейнеткерлер үшін
индексі 35202,
жылдық бағасы - 5172 теңге.**

**Жеке жазылушылар үшін
индексі 65202, жылдық бағасы - 6172 теңге.**

**Мекеме-ұйымдар үшін индексі
15202, жылдық бағасы - 7172 теңге.**

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗІЛЕДІ

13.01.2026 жылы, сағат 15:00-де Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Алмалы ауылы, Абай Құнанбаев көшесі 6 мекенжайы бойынша Жетісу облысының Сарқан ауданында орналасқан "Сарқан-2" кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру карьері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: "Сарқан-2" ЖШС, БСН 141040025184, мекенжайы: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Қажымұқан Мұңайтпасов көшесі, 33а үй. Тел. 87714075174, bagi_zhann@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, 7su_expertiza@mail.ru. Тел.87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ПРОЙДУТ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

13.01.2026 г. в 15:00 часов, по адресу: область Жетісу, Сарканский район, с.Алмалы, ул.Абай Құнанбаев 6 будет проводится общественные слушания для карьера по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «Сарканд-2», расположенного в Сарканском районе области Жетісу.

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Сарканд-2», БИН 141040025184, адрес: область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Қажымұқан Мұңайтпасов, дом 33А. Тел. 87714075174, bagi_zhann@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

Баспасөз-2026

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы



ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Құрметті Алаш жұрты!
Өздеріңіздің сүйікті газеттеріңіз «Қазақ әдебиеті» газетіне 2026 жылға жазылыңыздар!

Газеттің индексі:

Жеке жазылушылар үшін - 65353

«Қазпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:

Қалаларда:
1 айға - 925,82 т.
3 айға - 2 777,46 т.
6 айға - 5 554,92 т.
12 айға - 11 109,84 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға - 925,82 т.
3 айға - 2 777,46 т.
6 айға - 5 554,92 т.
12 айға - 11 109,84 т.

Мекемелер мен ұйымдар үшін - 15353

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:

Қалаларда:
1 айға - 1918,53 т.
3 айға - 5755,59 т.
6 айға - 11511,18 т.
12 айға - 23022,36 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға - 1720,82 т.
3 айға - 5162,46 т.
6 айға - 10324,92 т.
12 айға - 20649,84 т.

**«Қазақ әдебиетінің»
сүйенері - оқырман!**

Хабарландыру

●**Мукашев Кунтоган Айтчановичтің** атына берілген «В» категориялы, ВХ 049780 нөмірлі жүргізуші куәлігі, Mitsubishi L200 маркалы 736 АЕР 19 мемлекеттік нөмірлі көліктің №АЖ 99374769 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**«ТАЗБАЗ» ШҚ-ның** атына ГАЗ САЗ 3507 маркалы автокөліктің В 485 ВО мемлекеттік нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы
Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №КЗ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202, 15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.